

Джаппарова М.Т.



**5B091000 – Кітапхана ісі мамандығының студенттеріне
«Электронды кітапханалар және ресурстар» пәні бойынша
тәжірибелік сабақтарын орындауға арналған әдістемелік нұсқау**



Шымкент, 2013

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М. ӘУЕЗОВ атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

«Мәдениеттану, әлеуметтік жұмыс және музей ісі» кафедрасы

Джаппарова М.Т.

**5B091000 – Кітапхана ісі мамандығының студенттеріне
«Электронды кітапханалар және ресурстар» пәні бойынша
тәжірибелік сабақтарын орындауына арналған әдістемелік нұсқау**

Шымкент, 2013

ОӘЖ 947.(4+7.1)

КБЖ 63.2 (2к)

Құрастырушы: Джаппарова М.Т. 5В091000 – Кітапхана ісі мамандығының студенттеріне «Электронды кітапханалар және ресурстар» пәні бойынша тәжірибелік сабағын орындауға арналған әдістемелік нұсқау. - Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2013.- 75 б.

Әдістемелік нұсқау оқу жоспарының талаптары және пәннің бағдарламасымен сәйкес құралған және курстің «Электронды кітапханалар және ресурстар» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарына дайындалу және тапсырмаларын орындауына барлық қажетті мәліметтер берілген.

Әдістемелік нұсқау 5В091000 – Кітапхана ісі мамандықтың студенттері үшін арналған.

Пікір беруші: Шортанова А.А. – М.Әуезов атындағы ОҚМУ, т.ғ.к., аға оқытушы

«Мәдениеттану, әлеуметтік жұмыс және музей ісі» кафедра мәжілісінде қарастырылып, баспаға ұсынылған (Хаттама № 3, «19» қазан 2013 ж.).

«Педагогика және мәдениет» факультетінің әдістемелік комиссиясында қаралып, баспадан шығаруға ұсынылған (Хаттама № 3, «29» қазан 2013 ж.).

М.Әуезов атындағы ОҚМУ әдістемелік Кеңесінен баспаға ұсынылған (Хаттама № _____, _____._____.2013 ж.).

© М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2013 ж.

Шығарылымға жауапты М.Т.Джаппарова

Алғы сөз

Қоғамның дамуының қазіргі кезеңіндегі өзгешелік белгілеріне ақпараттың дәстүрлі баспа және электронды түрлерінде кездесетінімен түсіндіруге болады, сондықтан келешек мамандар-кітапханашылар ақпараттармен жұмыс істеуіне байланысты ұсынылатын әдістемелік нұсқауының қажеттілігі туындады. Замандас ақпараттық технологиялар көмегімен адамзата жиналған ақпараттарды кең масштабты электронды түріне ауыстыруы басталды және де жаңа ақпараттық ресурстарын жаңадан құру мезгілі туындады. Ақпараттарды ұсыну түрлері коммуникативтік үрдістерін қарқынды шапшандуынан басқа ақпараттарды өңдеу, сақтау және тарату жаңа сапалы кезеңіне ұйымдастыру үрдістеріне мүмкіндік береді.

Ақпараттық әдістер мен технологиялар кітапхананың барлық қызметтеріне терең еніп келе жатыр. Ақпараттандыру, ақпараттық, коммуникативтік технологияларының конвергенциясы және мультимедиа, білім және ғылым аяларында замандас ақпараттық жүйелерін қолдануына өтуі білімдерді алу және жалпылау, оларды тарату және қолдануының жаңа деңгейлерін қамтамасыз етеді.

Әр түрлі ғылым салалары және де адам өмірі аясына қажетті ақпараттарды ұсынушы ретінде мекемелер жүйелерінде электронды кітапханалар өзінің тұрақты орының алғаннан бері кітапханалық-ақпараттық мектептерінің алдарында кітапханашылардың жаңа ұрпақтарын дайындау мәселелері туындайды, олар өз қызметінде электронды жиынтықтарын қалыптастыру мен қолдануында қабілетті мамандар болуы тиіс. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі пәндермен қатар университеттір мен колледждерде ақпараттық және компьютерлік пәндерінің қиылысындағы жаңа курстар енгізілініп келе жатыр. Солардың ішінде «Электронды кітапханалар мен ресурстар» пәні зор қызықшылық бірдіреді. Бұл жүйелі пәндерінің ішінде тізбектік пәні ретінде санауға болады.

«Электронды кітапханалар мен ресурстар» пәнінде ұсынылатын тақырыптар әртүрлі – техникалық аспектілерінен бастап электрондық кітапханалардың менеджменті дейне бейімделінген. Ерекше көңіл ақпараттық жүйелер және электронды жиынтықтарын құру мәселеріне бөлінеді. Және де электронды кітапханалардың пайдаланушыларына, оларды қолдану қарапайымдығының мәселелері қарастырылады.

Әртүрлі кітапханалық-ақпараттық мектептерінің оқу бағдарламаларын талдауының арқасында материалдарды ұсынуы: «электронды кітапхана» ұғымы әртүрлі мағынасымен берілгені; «Электронды кітапханалар» курсының мазмұны да әркелкі екендігінде әртүрлі екендігі білінді. Көбінше электронды

кітапханаларды сканерлерген электронды жиынтығы немесе ақпараттық жүйенің сұраныстар мен көріп шығу дәстүрлі моделінің шегінен аспайтын түрінде ұсынылады.

Электронды кітапханалар дәстүрлі міндеттері – құжаттық ресурстарын сұрыптау, қолжетілімді және сақтауымен қатар электрондық құжаттар мен ресурстар жиынтықтарын сұрыптау мен құрылымдауымен, осы қорларына интеллектуалдық қолжетілімін ұсыну, оларды шұғылданатын мамандандырылған қызметкерлерімен қамтылуы тиіс. Электронды кітапханалары қызмет етуі тұтынушылардың белгілі топтануына бөлінуін ескере отырып техникалық және экономикалық жағынан тиімді және қолжетілімді ретінде құрылады. Кітапханашылардан тек қана кітапхана ісі саласындағы білімімен шектелмей және де компьютерлік шеңберіндегі дағдылары болуы тиіс. Электронды кітапхана ұғымында аталып кетілген – электронды кітапханалар қоғамның барлық топтарына әлқимнің кез-келген жерінде ақпаратқа тұрақты қолжетілім қамтамасыз етуінің бір жеке электронды жүйе ретінде қарастырылмай дәстүрлі кітапханалар жүйелерінің құрамына кіретін ескеру қажет.

Компьютерлік технологияларының техникалық ілгерілеуінің болғандығынан білімді тарату жағынан электронды кітапханаларының рөлі ұлғайтылады, сондықтан соңғы жылдары Қазақстанда кітапханалық-ақпараттық пәндерін зерделеу кезеңдерінде ерекше көңіл бөлу керек.

Білім бағдарламаларының құрылымында пәннің орны

5В091000 – Кітапхана ісі мамандығына қарастырылып жатқан пән таңдамалы пәніне жатады.

Пәннің препреквезиттеріне Ақпараттану, Ақпараттық мәдениет пәндері саналады.

Пәннің негізгі ережелері мен қағидалары келесі: Мәдениеттану, Электронды қорлар, Интернет жүйесінде библиографиялық ізденісі, АҚАЖ, Жаһанды және аймақтық тораптар мен жүйелер пәндерін қолданылады.

Отандық және шетелдік кітапханаларының электронды қорларында ақпараттарды ізденісі белгілі сұраныстар арқылы жүргізіледі, «сұраныс» жағдайы модельделінеді және ізденіс пен әдебиеттер тапсырысы автоматтандырылған тәртібінде өтеді.

Ақпараттың ізденіс тиімділігі біліктілігінің деңгейі және маманның ақпараттық мәдениетінің арқасында жеке тапсырмаларын орындау нәтижелері іс жүзіне асырылады. Ізденіс әдістемесі туралы білім студенттермен алуы ақпараттық ресурстарына қолжетілім мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Сонымен, электронды каталогтар мен деректер қорларында ақпаратты іздеу әдістемесін және тактикасын ойдағыдай меңгеріп, келешек маманның ізденіс уақыты қысқарады және де өз мамандығы бойынша сенімді сайттарының мазмұндамалары туралы түсініктер алады, олармен жұмыс істеу дағдыларына иеленеді, ал ол оқу және кәсіптік қызметінде пайдалы болады.

Дәрістік материалдар жеке тапсырмалар мен тәжірибелік сабақтарының тапсырмаларын орындауына жәрдем береді.

Сөйтіп, студенттер «Электронды кітапханалар және ресурстар» пәнін зерделеу барысында үш мәселені шешеді: біріншіден, ақпаратты іздеу әдістемесін меңгереді; екіншіден, ақпараттық технологияларының ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жете түсінеді; үшіншіден, ақпаратты аналитикалық-синтетикалық өңдеуін машықтану, және де электронды құжаттарды дұрыс дайындау мен рәсімдеуін.

Пәннің мақсаты – электронды кітапханаларының тарихын, теориялық негіздерін дәрістік сабақтарында меңгеріп тәжірибеде электронды кітапханаларды ақпараттармен толықтыру, сақтау және пайдаланушыларға кәсіби қызмет көрсетуін қамту.

Пәннің міндеті – электронды кітапханаларды қолдану үшін тәжірибелік икемділігіне дағдылану, электронды ресурстарын бағалау әдістерін меңгеру.

Тәжірибелік сабақтарын игерген нәтижеде студент:

білуі тиіс – ақпараттар мен құжатталынған ақпараттарының ұғымдарын және жұмыс істеу технологияларын; ақпараттық және электрондық кітапханалық ресурстар нарығын;

дағдысы болуы тиіс – ақпараттық сұранысты дұрыс қалыптастыру, ұлттық және мемлекетаралық стандарттарына сай ақпараттық ізденісінің қарапайым нұсқаларын жүргізуін білу және жұмыс нәтижелерін сауатты ұсыну; электрондық ресурстарын және электронды кітапхананы пайдалану; ақпараттық тіл табысу және жалғасу;

меңгеруі тиіс – электронды кітапханада ақпаратты іздеу икемділігі мен оларды сұрыптау, электронды кітапхананы электронды ресурс ретінде бағалауын дағдылану.

Студенттерге жалпы әдістемелік нұсқау

Дәрістік және тәжірибелік сабақтарында оқытушының айтуларын тек қана жаттап немесе жазып алмай толық түсінуіне тырысу керек. Оқытушының айтылғандарына сын көзқарасымен түсіну. Сабақтарда белсенді: сұрақтар қою, өз ой-пікірлерін айтыт қатысуы тиіс.

Пән мазмұны

1 модуль. Электрондық кітапханалар - ақпараттық компьютер технологияларының өңі

1-ші тақырып. Электрондық кітапхананың ұғымдары және электрондық коллекцияның арақатысы.

Тәжірибелік сабақ: Электрондық кітапханалар және қоғам.

2-ші тақырып. Дәстүрлі кітапханалардың технологиясы және электрондық кітапханалар аналогтері

Тәжірибелік сабақ: Электрондық ақпараттық ресурстар: типология және қазіргі құрам.

3-ші тақырып. Электрондық ресурстар: анықтау, типология және сипаттама

Тәжірибелік сабақ: Электрондық ақпараттық ресурстарды жіктеу.

4-ші тақырып. Мәтіндердің тегін электрондық коллекциялары (ашық электрондық кітапхана) мәтіндердің тегін электрондық коллекциясының ұғымы мен сипаттамасы.

Тәжірибелік сабақ: Электронды құжаттарды каталогтеу технологиясы.

5-ші тақырып. Электрондық каталогтар

Тәжірибелік сабақ: Ақпараттық қызмет көрсету және ақпараттық ізденіс.

6-шы тақырып. Толықмәтінді электронды журналдар

Тәжірибелік сабақ: Ақпаратты ретроспективті ізденіс.

7-ші тақырып. Электронды кітаптар

Тәжірибелік сабақ: Электронды кітапханалардың ақпараттық рұқсат және қолдану: қолданушылар және электронды кітапханалардың қызметі.

8-ші тақырып. Электронды кітапхананың техникалық инфрақұрылымы

Тәжірибелік сабақ: ЭК электрондық ресурстарын сақтау.

9-шы тақырып. Ақпараттық ізденіс және оның технологиялық қолдауы

Тәжірибелік сабақ: Ең ірі ашық ЭК талдау және бағалау.

2 модуль. Электронды кітапханалар ақпараттық қоғамның элементі ретінде

10-ші тақырып. Интернет - электрондық кітапханалардың ақпараттық - телекоммуникациялық ортасы

Тәжірибелік сабақ: Интернетке әр түрлі ЭК танысу.

11-ші тақырып. Электрондық кітапханалардағы білімдерін ұйымдастыруы

Тәжірибелік сабақ: Шетел кітапханаларындағы ЭК.

12-ші тақырып. Коммерциялық толықмәтінді мәліметтер қорлары (МК).

Тәжірибелік сабақ: М.Әуезов атындағы ОҚМУ АБО электрондық ресурстарымен танысу.

13-ші тақырып. Кітапханалардың электрондық кітапханалары

Тәжірибелік сабақ: М.Әуезов атындағы ОҚМУ электронды ресурстарымен жұмыс.

15-ші тақырып. Әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелер

Тәжірибелік сабақ: ЭК әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелер.

Тәжірибелік сабақ: Электронды кітапханалардағы зияткерлік меншікке авторлық құқық және құқығы.

№ 1 сабағының тақырыбы: «Электронды кітапханалар және қоғам»

Сабақтың мақсаты:

- ұғымды түсіндіру және ақпараттық қоғамның шеңберіндегі электронды кітапханаларының міндетін айқындау;
- қоғамды ақпараттандыруындағы электронды кітапханаларының рөлін ашып беру;
- электронды кітапханаларының пайдаланушылары ретінде студенттердің ерекшеліктерін қарастыру;
- оқу қызметінде және электронды материалдарын және электронды кітапханаларын қолдануындағы студент жастарының қарым-қатынасын айқындау.

Сабақтың міндеті – кітапхана ісін ұйымдастыру мен басқару ерекшеліктерін түсіну маңызды, мемлекеттік басқару жүйесі ұйымдарының міндеті мен функциясын, территориялық басқару құрылымының ерекшеліктерін, кітапхананы басқарудың координациясын, басқарудағы орталықтандырудың және орталықсыздандырудың ерекшеліктерін білу.

Сабақтың түрі - таныстыру

Бақылау түрі – глоссарий қабылдау, ауызша

Қарастырылатын мәселелер:

1. «Электронды кітапхана» ұғымдық аппараты.
2. Электронды кітапханалардың жай-күй»лері.
3. Білімді ақпараттануындағы электронды кітапханаларының рөлі.
4. Студент жастары электронды кітапханаларының тұтынушылары ретінде.
5. Қоғамдағы топтарының электронды кітапханаларының тұтынушылары ретінде.

Теориялық материал

«Электронды кітапхана» ұғымы ақпараттық қоғамының бірінші тұжырымдама-ларына қарағанда кейінірек пайда болды, нақтылы айтсақ 1980 ж. соңында. Бірақ, дәлірек «сандық», «виртуалды», «электронды» ажырататын ұғымы бүгінгі күнге дейін жоқ. [1] Қоғамды ақпараттандыру тұжырымдамаларында «электронды кітапхана» ұғымы кездеспейді, бірақ алдын-ала осы құбылыс жеке санат ретінде пайда болған алдыңғы себептерін айқындауын дұрыс көрдік. Электронды кітапхананы зерттеген бірнеше зерттеушілер өз ой-пікірлерін ұсынды, мысалы М.Кастельс, Э.Тоффлер және де басқалары. Мысалы, электронды кітапхананың түптілғасы ретінде OLIVER құрылғысы ұсынылды, онын технологиясын Э.Тоффлер сипаттаған.

«Электронды кітапхана» ұғымы жиі кәсіптік ортасында қолданылады, сондықтан электронды кітапхананы ақпараттық жүйе ретінде қарастыруы жөн. Сол ақпараттық жүйесін белгілі өлшемі бар және қоғамдық қолдануларына арналған электрондық құжаттарының ретке келтірілген қоры және де оны іске асырушы ретінде бағдарламалы-техникалық құрылғыларының кешені ретінде қарастырған жөн. [2] Кейбір зерттеушілер электронды кітапхананы – электрондық құжаттар өз жүйесінде тарапталынған, телекоммуникациялық желілері арқылы қолжетімді әртүрлі жиынтықтарын сенімді сақтау және тиімді қолдануына арналған ақпараттық жүйе ретінде қарастырады. [3]

Электронды кітапханалар үш күйінде болады:

- ұйымдасқан құрылымдық электрондық ресурстарының жиынтығы, ол дәстүрлі кітапханасымен байланысты емес және белгілі бір мекеме немесе консорциумына қатысы бар, соңын ішінде интернет-порталдары енеді (веб-сайт, сайттарының бөлімдері және т.б.);

- дәстүрлі кітапханасында ақпараттық технологиясы автоматтандыру жүйесінің құрамдасының бір бөлігі ретінде, диссертациялар, баяндамалар, мақалалар жиынтықтарының электронды кітапханалары және т.б.;

- дәстүрлі кітапхананың орнына арнайы немесе қайта құрастырылатын электронды кітапханалар, дәстүрлі кітапханалар өзінде бар құжаттарын электронды түріне ауыстырады және кейін электронды түріне толымданып немесе құрастырылынады. Басқа моделі – баспа және электронды емес тасымалдағыштарында қорларын қалыптастырмайды және электронды құжаттарын тек қана жинақтайды. [2]

Әртүрлі электронды кітапханалардың нұсқалары болуына қарамай, олардың пайда болуы әлеуметтік эволюцияларының құрамдастарына байланысты: техникалық ілгерілеу, ақпараттардың жаңа түрлері, қағаз түрлерімен салыстырғанда электрондық басылымдарын сақтауының арзандылығы, байланыс арналарының санын көбейту, Интернет,

телекоммуникациялардың дамуы, ақпараттар мен құжаттарына қолжетілімі, корпоративтік және ресурстарын бөлу. [4]

Электронды кітапхананың айыру белгісі – ақпараттық ресурстарының интеграциясы және олардың ішінде тиімді бейімделуі. Егер дәстүрлі кітапхана құжаттар және сақтау бірліктеріне сүйеніп іс асырса, ал электронды кітапхананың маңызды міндеті – дерекнаманың мазмұнын талдау деп есептелінеді. Сол ақпараттың түрленуінің арқасында реттеу, қысқарту, аннотациялау, дескрипторлар мен кілттік сөздерін айқындау негізінде пайдаланушыларды үлкен ақпараттық ресурстар ауқымдарын бағыттауын жеңілдетеді. Электронды кітапханаларын құру көпшілік аймақтық деректер қорлары және ақпараттық жүйелерінің қосарланушылығынуына шығындарын азайтуына мүмкіндік тұғызады. [5]

Электронды кітапханалардың дамуына кедергі келтіретін мәселенің бірі - олардың құқықтық мәртебесі. Электрондық кеңістігінде авторлық құқық сұрақтары пікірталастық мәселерінің бірі. Егер де электронды кітапхананың мәртебесін заң ретінде бекітілсе және еркін көшіруінен техникалық қорғау болса, онда электронды кітапханалар еркін қолдануының ресурсы ретінде болмайды. [6]

Сонымен, электронды кітапханалар ақпараттық қоғамының элементі ретінде ерекше функцияларымен сипатталады, олар дәстүрлі кітапханаларындағы сақтау, жіктеу және ақпараттарды ұсынуы дәстүрлі тәсілдерінен айырмашылығы бар, сондықтан замандас ақпараттық қоғамындағы ақпараттарды ұсынуының жаңа жүйесін көрсетеді.

Білімді ақпараттану шеңберінде және білім салаларында инновациялық саясатына бағытталғаны электронды кітапханаларының және де басқа да ақпараттық- техникалық құралдарының рөлі өте маңызды.

Ерекше әлеуметтік тобы - жастар туралы айтсақ үлкен-кішілігіне қарай топтасу нышандары бар топтық қауымдастықтарымен сипатталады. Әлеуметтік мағынасында алынса, жастар – ол іздерінің жастарына қарай, қоғамдағы әлеуметтік құрылымында алатын орны мен міндеттеріне, ерекше қызығышулықтары мен құндылықтары бойынша әлеуметтік-демографиялық топтарына жатады.

Студенттер - жастық нышандары және еңбектің ерекшеліктері бойынша бөлінетін әлеуметтік-демографиялық топ. Студенттер оқуымен шуғылданады, демек жоғары білікті ой еңбегімен, оқу кезеңдерінде әртүрлі қоғамдық-пайдалы қызметімен қамтылады. Заңға сыйымды студенттер даму үрдісінде олардың әлеуметтік белсенділігі ұлғаяды, басқа да әлеуметтік топтарымен байланыстары нағаяды. [7]

Студенттер жастар – ерекше әлеуметтік тобы ретінде ерекше айқын сипаттары болуы мүмкін, оның бірі Интернет желісін және ақпараттық

технологияларын белсенді қолдануы. Қызмет түріне (оқу) байланысты студенттер оқу үрдісінде компьютерлік және ақпараттық технологияларымен жұмыс істеу икемділіктері бар.

Тапсырмалар:

1 тапсырма. Төменде берілгендеріне мысалдар келтіріңіздер:

- а) сенімді, бірақ әділсіздік ақпаратына;
- ә) ақиқат, бірақ әділсіздік ақпаратына;
- б) толық сенімді, бірақ мәнсіз ақпаратына;
- в) көкейтесті емес ақпаратына;
- г) өзекті, бірақ түсініксіз ақпаратына.

2 тапсырма. «Ақпараттық мәдениетін қалыптастыру» атты кестені толтырыңыздар

Білім аясындағы өзгерістер	Адамдардың тұрмыс салты өзгеруі	Ақпараттық қоғамының қауіп-қатері
...

3 тапсырма. Әмбебап анықтама-энциклопедия арқылы келесі сұрақтарына жауаптар келтіріңіздер:

- а) WWW – дегеніміз не?
- ә) Бірінші компьютерді кім ойлап шығарды?
- б) Бірінші кітапхана қай жылы және әлемнің қай жерінде пайда болды?
- в) Дүниежүзілік ақпарат күні қашан тойланады?
- г) Ақпаратты сақтау тасымалдауштарының хронометражын құрыңыздар.
- д) Кітаптану ғылымы қай жылы қалыптасты?
- е) Блез Паскаль дегеніміз кім? Нені ойлап шығарды?
- и) Әлемдегі ірі кітапханаларын атаңыздар.
- ж) Кітапханатану ғылымы қай жылы қалыптасты?
- з) Қазақстан, Ресей елдерінің кітапхана ісі саласындағы танымал қайраткерлерін атап кетіңіздер.

Жеке жұмыс тапсырмалары:

Интернеттегі 10 әртүрлі электронды кітапханаларымен танысып талдау және бағалау жұмыстарын жүргіңіздер.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1. Ақпарат дегеніміз не? Оның қоғамдағы рөлі, маңызы және жаһандастыру үрдісіне әсері.

2. Ақпараттық кеңістік деген не?
3. Әлемдік ақпараттық кеңістік.
4. Жаһандық ақпараттық қоғамының Окинава хартиясы.
5. Электронды кітапхана дегеніміз не?
6. Электронды кітапхана және электронды жиынтықтар ұғымдарының өзара арақатынасы.
7. Электронды кітапхананың міндеттері?
8. Электронды кітапханаларының негізгі түрлері атаңыздар.
9. Электронды ақпараттық технологиялар және білімді таратуындағы парадигманың ауысуы.
10. Электронды кітапхана пайда болу жылдары және даму кезеңдері.
11. Қазақстан және ТМД елдерінің ақпараттық кеңістіктері.
12. Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы.
13. Ресей Федерациясының «Ақпараттық қауіпсіздігінің Доктринасы».
14. Қоғамның даму және ақпараттануындағы ақпараттың рөлі.
15. Электронды кітапханаларының ассоциациялары.

Ұсынылатын әдебиеттер

- 1 Электронные ресурсы и электронные библиотеки / под ред. Я.Л. Шрайберг и др.
- 2 Земсков А.И., Шрайберг Я.Л. Электронная информация и электронные ресурсы: публикации и документы, фонды и библиотеки / А.И. Земсков, Я.И. Шрайберг; под ред. Л.А. Казаченковой. – М.: «Издательство ФАИР», 2007. – С. 184.
- 3 Хомерики О.Г. Роль электронных библиотек в процессе распространения результатов инновационной деятельности в образовании // Высшее образование сегодня. 2010. №10. С. 80-87.
- 4 Земсков А.И. Электронные библиотеки / А.И. Земсков, Я.Л. Шрайберг. – М.: Либрея, 2003. – С. 291.
- 5 Хомерики О.Г. Роль электронных библиотек в процессе распространения результатов инновационной деятельности в образовании. // Высшее образование сегодня. 2010. №10. С. 80-87.
- 6 Авторское право в электронном пространстве: результаты виртуального круглого стола //Книжная индустрия. 2010. №4. С. 7-11.
- 7 Руткевич М.Н., Рубина Л.Я. Общественные потребности, система образования, молодежь. – М.: Политиздат, 1988. – С. 170.

№2 сабағының тақырыбы: «Электрондық ақпараттық ресурстар: типология және қазіргі құрам»

Сабақтың мақсаты – электрондық ақпараттық ресурстарымен және қазіргі құрамымен танысу, типологияларын зерттеу.

Сабақтың міндеті – электрондық ақпараттық ресурстарын типологиялар бойынша ажырату

Сабақтың түрі - шығармашылық

Бақылау түрі – глоссарий қабылдау, ауызша сұрақтарына жауап беру.

Қарастырылатын мәселелер:

1. Электронды құжат пен электрондық ресурстарының айырмашылықтары.
2. Электронды құжатты электронды басылымға жатқызу мәселелері.
3. Электрондық ақпараттық ресурстарының қасиеттері.
4. Электрондық ресурстарының дәстүрлі ақпараттық ресурстарынан артықшылықтары.
5. Электрондық ресурстарының даму эволюциясы.
6. Электрондық ресурстарының түрлері.
7. Әлемдік және ұлттық электрондық ресурстарының қалыптастыру динамикасы мен сандық бағалауы.
8. Электрондық ақпараттық ресурстарының сапаларын бағалау көрсеткіштері.
9. М.Әуезов атындағы ОҚМУ электрондық ақпараттық ресурстары.
10. ҚР электрондық ресурстары.

Теориялық материал

Ақпараттық ресурстар (АР) — 1) ғылыми теорияларымен, процестер мен құбылыстарды зерттеулерімен, өнер табыстарымен, машина жобаларымен, ғимараттарымен, зауыттарымен, табиғат пен қоғам туралы мағлұматтарымен сипатталатын мемлекеттің рухани пәрмені (күш-қуаты); мекеме үшін құнды болып есептелетін және материалдық ресурс ретінде қабылданатын мәліметтер жиынтығы. Оған сыртқы жадта сақталатын негізгі және қосалқы мәліметтер жиымы мен кірістік құжаттар жатады; 2) кітапханаларда, мұрағаттарда, қорларда, мәліметтер банкілерінде және басқа да ақпараттық жүйелерде жеке құжаттар немесе олардың жиымдары түрінде шоғырланған мағлұматтар жиынтығы. [1]

Электрондық ақпараттық ресурстардың түрлері

1. Электрондық ақпараттық ресурстар меншік құқығына қарай:
 - 1) мемлекеттік;
 - 2) мемлекеттік емес болып бөлінеді.
2. Электрондық ақпараттық ресурстар қолжетімділік санатына қарай:
 - 1) жалпыға ортақ қолжетімді;
 - 2) қолжетімділігі шектелген болып бөлінеді.
3. Бюджет қаражаты есебінен құрылатын, сатып алынатын және жинақталатын, сондай-ақ мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де тәсілдер арқылы алған электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік болып табылады. Мемлекеттің экономикасы мен қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар ұлттық болып табылады.
4. Жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен құрылатын және сатып алынатын, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген өзге де тәсілдер арқылы алынған электрондық ақпараттық ресурстар мемлекеттік емес болып табылады.

5. Меншік иесі немесе иемденушісі пайдалану шарттарын көрсетпей беретін немесе тарататын электрондық ақпараттық ресурстар, сондай-ақ өзіне қол жеткізу еркін болып табылатын және оларды беру және тарату тәсілінің нысанына байланысты болмайтын мәліметтер жалпыға ортақ қолжетімді болып табылады.

6. Оларға қолжетімділікті Қазақстан Республикасының заңдары немесе олардың меншік иесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда иеленушісі шектейтін мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстар болып табылады.

Электронды кітапханаларының ресурстарына:

- толық мәтіндік құжаттар, электронды журналдар;
- кестелер;
- ізденіс мүмкіндіктері бар иблиографиялық деректер қорлары;
- әртүрлі кітапханалық электронды каталогтар және библиографиялық көрсеткіштер;
- суреттер және бейнелер;
- аудиожазулар және музыка;
- сандық карталар және картографиялық ақпарат;
- компьютерлік бағдарламалар;
- вирустар компьютерлік бағдарламаларының еректше түрі ретінде;
- мультимедиялық материалдар.

Қоғамдық тағайындалуына байланысты электрондық ресурстарының түрлері:

- ғылыми;
- электронды коммерция, өндірістік, технологиялық және қаржы ақпараттары;
- тәжірибелер, жобалық жұмыстар, өндірісті автоматтандыру жүйелері;
- басқалары.

Қолжетілім дәрежесі бойынша электронды ресурстар түрлері:

- тегін;
- шартты тегін;
- ақылы;
- көпшілік қолжетіміне жабық, оның ішінде жабық және/немесе жасырын ақпараттар;
- коммерциялық, өндірістік және технологиялық ақпараттар;
- қаржы және салық мәліметтер;
- жеке өмірінің.

Электрондық ақпараттық ресурстар – электрондық түрде сақталатын (ақпараттық дерекқорлар), ақпараттық жүйелердегі ақпарат.

Электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді иемденуші – аталған объектілерді олардың меншік иесі айқындаған шекте және тәртіппен иелену, пайдалану және оларға билік ету құқықтарын іске асыратын субъект.

Электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қорғау – ақпаратты алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, жою немесе бұғаттау жөніндегі заңсыз іс-әрекеттерді қоса алғанда, электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді сақтауға, оларға заңсыз қол жеткізуді болғызбауға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені.

Электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің меншік иесі – электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иемдену, пайдалану және оларға билік ету құқықтарын толық көлемде іске асыратын субъект.

Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімі – электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер сипаттамаларының жиынтығын қамтитын жүйеленген тізбе. [2]

Нормативті-функционалды маңызын білу үшін ақпараттың орны мен рөлін, оның ауқымын білу қажет және белгілі субъектеріне ақпараттық ресурс ретінде саналатынын, және де ақпараттардың қолайсыз көлемдері, бірақ олар керекті болып ақпараттық ресурстарына жататындығын ескеру қажет. Ал ол үшін алдын-ала ұғымдық аппаратын, ал содан соң жіктеу қағидаларын түсініп алу керек.

Ақпараттық ресурс құрылымдық, заттық, қабылдау түрінде жеке құжат немесе ауқым, белгілі нышандар мен қағидаларының негізінде қалыптасқан ақпарат немесе визуалды қабылданатын нысан. ҚР «Ақпараттану туралы» Заңында [3] «электрондық ақпараттық ресурстар - ақпаратты пайдаланушылардың мүдделігін туғызатын және ақпараттық жүйелердегі (ақпараттық деректер қоры) электрондық түрде сақталатын ақпарат» ретінде түсіндіріледі.

Бастапқы жинақталынатын ақпарат алынатын көзін, аймағын немесе құру немесе пайда болған аясының ерекшелігін көрсетеді. Табиғи жағдайларында пайда болған ақпарат, мысалы ағаштын жасын білдіретін ағаш сақиналарының саны, әлеуметтік үрдістерінің сандық немесе сапалық сипаттамалары және т.б. Осы нышандар бойынша қалыптасқан ақпараттық ресурсты табиғи, өндірістік, әлеуметтік-экономикалық ретінде сипаттауға болады. Мысалы, халық саны туралы ақпарат.

Ақпараттық ресурсына басқа түріне шығармашылық жұмыстарының ғылыми-зерттеу қызметтер үрдісінде жасанды пайда болатын мәліметтер,

деректер, демек белгілі бағдарлама немесе модельдің негізінде алынатын ақпарат, мысалы, математикалық өңдеуінің негізінде, логикалық есептерінің нәтижелері және т.б. Осыған әдебиет пен өнердің авторлық шығармаларын жатқызуға болады. Сондықтан, бұл ақпарат адамның интеллектуалды қызметінің негізінде пайда болатын ақпарат. Демек екінші реттік ақпарат болмай оны жаңа ақпаратқа да жатқызуға болады, себебі бұрын ондай ақпарат болған емес. Мысалы, әртүрлі әлеуметтік және табиғаттық үрдістеріндегі жаңашылдылықтары мен болжамдары. [4]

Қолдану аясына байланысты ақпараттық ресурстар жіктелініп өз жеке мағыналары болады. Оның негізінде пайдаланушылардың керектігі бойынша жіктеу нышандары жатады. Ақпараттық ресурстарының пайдаланушы немесе тұтынушысы ақпаратта өз білімінің, субъективті ақпараттық ресурстарының қалыптасы көзі ретінде көреді. Ең алдымен ол білім алу, тұлғанын кәсіби дайындығына, әртүрлі әлеуметтік құрылымдарының өндірістік, ғылыми және қоғамдық қызметін іске асыруына байланысты.

Ақпараттық ресурстарының қалыптасуы субъектерінің қажеттіліктерімен байланысты. Сондықтан, жалпы, арнайы кітапханалар, мұрағаттар, ақпараттарының әртүрлі қорлары қалыптасады, ақпараттандыру шеңберінде бұл көздері – ақпараттық ресурстар депозитарийлері электронды түрлеріне ауыстырылынып, электрондық ақпараттық ресурстар пайда болады, олар ақпараттардың арнайы жинақтағыштар ретінде қалыптасады. Бұл ақпараттық ресурстар әртүрлі ұйымдастыру түрлеріне жатады.

Ұйымдастыру түрінен тәуелсіз ақпараттық ресурстар құқықтық қарым-қатынастар құрылымында субъектілердің өзара қарым-қатынастар заты болады. Сондықтан, бұл жағдайда ақпараттық ресурс (ақпарат) пайда болу көзі мен пайдалану салалары маңызды сипаты ретінде болатынын ескеру керек. Осы нышаны бойынша ақпараттық ресурстарын:

- | | |
|---------------------------|--------------------------|
| - ғылыми-техникалық; | - білімдік; |
| - әлеуметті-экономикалық; | - ағарту; |
| - құқықтық; | - көңіл-көтеру және т.б. |
| - әлеуметті-мәдени; | |

Кез-келген бағыты өзінің ішкі, тереңдетілген заттық жіктемесі болады. Оны каталогтар, кітапханалар мен мұрағаттарының мысалында айқындауына болады.

Өндірістік қызмет саласы өз жіктемесі болады. ҰҰБ, ЕБ құрастырылған классификаторлар, олар экономикалық қызметтер салаларының құрамын бейнелейді. Мысалы, Ресейде ОКОНХ (Ауыл шаруашылық салаларының жалпыресейлік классификатор), олар шығаралатын өнім бойынша ақпараттық ресурстарын жіктейді. Бұл салада келесі классификаторлар қолданылады, мысалы ОКП (өнім классификаторы) немесе ОКПД (өнімдер мен қызметінің

кешенді классификатор). Соңғы жылдары Қазақстан мен Ресей елдері Әлемдік сату қоғамы (ӘСК, ВТО- всемирное торговое общество) бірлестігіне кіру мәселелері шешілгенше міндетті түрде өнімдер классификаторы ӘСК стандарттарына сай өнімдер классификаторлары бір-бірімен бейімделіні керек. Бұл өте ауқымды ақпараттар және маңызды әрекеттерді таап етеді.

ВОИС (Интеллектуалды меншігің әлемдік мекемесі) авторлық және сабақтас құқықтар шеңберінде интеллектуалды шығармашылық нысандары мен өндірістік (патенттік) меншік нысандарына жіктемелер құрды. Осы заттық нысандар бойынша ақпараттық өнім жіктелінеді. Ақпаратты құру және қолдану өрістеріне байланысты ресурстар қалыптасуы мүмкін, олар дара түрлерінде (құжаттың маңыздылығына қарай) және әртүрлі субъектілерінің қарым-қатынас затының жиынтығын құрайды.

Ақпарат әртүрлі субъектілерінің ресурсы ретінде болуы мүмкін: жеке тұлға, заңды тұлға, мемлекеттік өкімет органының немесе оның ішкі бөлімшілерінің, қызметкерлермен жұмыс үрдісінде, жергілікті өзіндік басқару органдары, қоғамдық мекемелер, жалпы мемлекетінің. Бұл субъектілер ақпараттық өнімді құрып шығарады және оны әр түрінде ақпараттық ресурсына өндеп қолданады. Қазіргі кезде ақпараттық ресурстарына корпоративті, мемлекетаралық және жаһандық ерекше көңіл сұрақтары маңызды болып келе жатыр. Құқықтық мәдениеті, осы өрісінде реттеунің дәлме-дәл құқықтық тетіктері жағынан мұқиятты зерттеуін талап етеді. Негізгі құқықтық институті ретінде құқықтық тәртіп институты саналуы мүмкін. [5]

Ақпараттық ресурстарының жіктелімі

Ақпаратың түріне байланысы ақпараттық ресурстар бөлінеді:

- құқықтық ақпарат;
- ғылыми-техникалық ақпарат;
- қаржы-экономикалық ақпарат;
- статистикалық ақпарат;
- стандарттар және регламенттер туралы ақпараттар, метрологиялық ақпарат;
- әлеуметтік ақпарат;
- саясаттық ақпарат;
- деңсаулық сақтандыру туралы ақпарат;
- жедел дағдайлар туралы ақпарат;
- коммерциялық құпия;
- кәсібі құпия;
- қызметтік құпия;
- жеке мәліметтер, жеке құпиялар.

Тасымалдауыш түріне байланысты ақпараттық ресурстар бөлінеді:

- қағазда;

- мәшине оқитын тасымалдауыштарда;
- дербес компьютердің (ДК) мониторында бейне түрінді;
- ДК жадында;
- байланыс арналарында;
- және т.б.

Құру және тарату тәсілдері бойынша ақпараттық ресурстар бөлінеді:

- стационарлық;
- жылжымалы.

Сақтау және қолдануын ұйымдастыру тәсілдері бойынша ақпараттық ресурстар бөлінеді:

- дәстүрлі түрлері – құжаттар ауықымы; құжаттар қоры; мұрағат;
- автоматтандырылған түрлері – ғаламтор, деректер банкі, автоматтандырылған ақпараттық жүйе (желі); білім қоры.

Меншікті түрі бойынша ақпараттық ресурстар бөлінеді:

- ұлттық байлық;
- мемлекеттік меншік;
- ұлттық меншік;
- ҚР субъектілерінің меншігі;
- бірлескен (ҚР субъектілері мен ұлттық);
- жеке меншік;
- ұжымдық меншік.

Ақпараттық өнімдер мен ақпараттық қызмет көрсетулер түрлеріне бөлінеді.

Ақпараттық өнімдер:

- құжаттар, деректер; құжаттар, деректердің таңдамалары; анықтамалар, аналитикалық анықтамалар; деректер қорлары, деректер банктері; және т.б.

Тапсырмалар:

1 тапсырма

1. Төменде аталғандарының электронды ресурстарын атап кетіңіздер:

- а) әлемдік кітапханалар;
- ә) ұлттық кітапханалар;
- б) мемлекеттік мекемелерінің;
- в) білім мекемелерінің;
- г) «Педагогика және мәдениет» факультетінің;
- д) мәдениет және өнер салалары.

2 тапсырма

1 тапсырмада берілген мекемелерінің электронды ресурстарын типологиялары мен құрамына байланысты жіктеңіздер.

3 тапсырма

1. тапсырмада берілген мекемелерінің электронды ресурстарларына сапалық және сандық бағалаулар беріңіздер.
2. Кітапханалық технологиялық үрдістеріне мысалдар келтіріп, оларды түрлері бойынша жіктеңіздер. Әрқайсының мазмұндаңыздар.
3. Кітапхананың типтік құрылымын: жылпы және белгілі бір кітапхананы мысал ретінде алып келтіріңіздер.
4. Ақпараттық ресурстарын білетін нышандар бойынша жіктеңіз. Әрқайсынына мысалдар келтіріңіздер.
5. Ақпаратың түріне байланысы ақпараттық ресурстар жіктемесін атап кетіп мысалдар келтіріңіздер.
6. Тасымалдауыш түріне байланысты ақпараттық ресурстар жіктемесін атыңыздар және мысалдар келтіріңіздер.
7. Құру және тарату тәсілдері бойынша ақпараттық ресурстар жіктемесін айтып кетіп әрқайсынына мысалдар келтіріңіздер.
8. Сақтау және қолдануын ұйымдастыру тәсілдері бойынша ақпараттық ресурстар жіктемесін айтыңыздар және мысалдар келтіріңіздер.
9. Меншікті түрі бойынша ақпараттық ресурстар жіктемесін атап кетіп мысалдар келтіріңіздер.
10. Ақпараттық өнімдеріне және ақпараттық қызмет көрсетулеріне мысалдар келтіріп оларды жіктеңіздер.

Баға қою критериялары

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2 .

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1. Электронды ресурс дегеніміз не?
2. Электрондық құжат дегеніміз не?
3. Қандай электрондық құжатты электронды басылымға жатады?
4. Нышандар бойынша электронды ресурстарын қалай жіктейді?
5. Электрондық ақпараттық ресурсына түсініктеме беріңіз.
6. Электрондық ақпараттық ресурсына қасиеттерін атаңыздар.
7. Электронды ресурсын дәстүрлі ақпараттық ресурстарымен салыстырма түрінде айырмашылықтарларын айтып кетіңіздер.
8. Электронды ресурстарының эволюциясы.
9. Электронды ресурстарының түрлері.
10. Электронды ресурстарын қалай сандық жағынан бағалауға болады?
11. Ақпарат дегеніміз не? Қандай түрлерін білесіздер?
12. Ақпараттық ресурс дегеніміз не? Қандай заңда бұл ұғым бекітілген?
13. Электрондық ақпараттық ресурс дегеніміз не? Қандай заңда бұл ұғым бекітілген?
14. Ақпараттық және электронды ақпараттық ресурстарының түсініктемелері. Айырмашылығы неде?
15. Кітапханалық технологиялық үрдістерін атап кету. Олар мазмұндау.

16. Кітапхананың типтік құрылымын келтіріңіздер.
17. Ақпараттық ресурстарының нышандарын атап кету.
18. Ақпарат, ақпараттық ресурстар салаларында қандай классификаторлар білесіздер?
19. Ақпараттық ресурстың жіктемесін атап кетіңіз. Аталғандарының бәріне мысалдар келтіріңіздер.
20. Қайдай заңмен ақпараттық ресурстар және электронды ақпараттық ресурстар қорғалады?

Жеке жұмыс тапсырмасы: МЖСТ 7.83-2001 «Электронные издания. Основные виды и выходные сведения» стандартымен танысып, ережелерін түсіндіруін білу.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника/ Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдаламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 бет.

2 Ақпараттандыру туралы. ҚР Заңы, 2007 ж. 11 қаңтар., № 217.

3 "Российская газета" от 22 февраля 1995 г.

4 Сергиенко Л.А., Тиновическая И.Д. Субъективные права в информационной сфере. //Институты административного права России. - М, 1999. С 21.

5Абдуллин А.И. Регулирование отношений в области интеллектуальной собственности Европейский опыт //Проблемы информатизации - 2001. - № 2. С 35-41.

№ 3 сабағының тақырыбы: «Электрондық ақпараттық ресурстарды жіктеу»

Сабақтың мақсаты – электрондық ақпараттық ресурстарының қалыптасуы және өз қызметінде қолдану жолдарын көрсету.

Сабақтың міндеті – электрондық ақпараттық ресурстары жіктелу және құруының жолдарын білу мен меңгеру.

Сабақтың түрі – зерттемелік

Бақылау түрі – глоссарий қабылдау, ауызша сұрақтарға жауап беру.

Қарастырылатын мәселелер: Кітапханалық технологиялық үрдістерінің түрлері мен мазмұны. Кітапхананың типтік құрылымы. Әр типті басқарушылық құрылымды кешенді түрде қолдану. Жаңа формаларды іздестіру.

Теориялық материал

Ақпараттық ресурстар дамуының негізгі беталысы – сканерлеу арқылы электронды түріне ауысуы және мәшине оқитын тасымалдауыштарына

сақтауында. Бұл АР шексіз таралымдауына электроды көшірмелер жасау арқылы және де оларды электронды пошта және ғаламтор арқылы жіберулеріне мүмкіндік береді, ал ол ақпараттар ауқымына тікелей қолжетілім мүмкіндігін береді және автоматтандыру өңдеуіне жағдайлар тұғызады. Ақпараттарды сақтауының физикалық көлемдері – кітаптар мен құжаттар, сызбалар, кино-және фонотекалар, фотоальбомдар және т.б. сөрелері және шкафтардардың орнына оптикалық компакт-дискілер мен шағын флеш-жадтар келді.

Электрондық ақпараттық ресурстардың түрлері

Электрондық ақпараттық ресурстар меншік құқығына қарай:

- 1) мемлекеттік;
- 2) мемлекеттік емес болып бөлінеді.
2. Электрондық ақпараттық ресурстар қолжетімділік санатына қарай:
 - 1) жалпыға ортақ қолжетімді;
 - 2) қолжетімділігі шектелген болып бөлінеді.

Электрондық ақпараттық ресурстар мүлік құрамының элементі ретінде мемлекеттік және жеке меншікте болуы мүмкін.

Электрондық ақпараттық ресурстарға меншік құқығы мен өзге де құқықтардың туындау, өзгеру және тоқтатылу негіздері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

Электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады, оның ішінде:

- 1) электрондық ақпараттық ресурстарды шаруашылық жүргізуге немесе оралымды басқаруға беруге;
- 2) өз құзыреті шегінде электрондық ақпараттық ресурстарға өңдеу, қорғау және қол жеткізу режимі мен ережелерін белгілеуге;
- 3) электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, көшіру және тарату кезінде оларға билік ету шарттарын айқындауға құқылы.

Электрондық ақпараттық ресурстар мүлік құрамының элементі ретінде мемлекеттік және жеке меншікте болуы мүмкін.

Электрондық ақпараттық ресурстарға меншік құқығы мен өзге де құқықтардың туындау, өзгеру және тоқтатылу негіздері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

Электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады, оның ішінде:

- 1) электрондық ақпараттық ресурстарды шаруашылық жүргізуге немесе оралымды басқаруға беруге;
- 2) өз құзыреті шегінде электрондық ақпараттық ресурстарға өңдеу, қорғау және қол жеткізу режимі мен ережелерін белгілеуге;

3) электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, көшіру және тарату кезінде оларға билік ету шарттарын айқындауға құқылы.

Автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді құру және енгізу, жаңа ақпараттық технологияларының пайда болуы жаңа электронды АР пайда болуына себепкер болды:

- деректер қоры;
- электронды басылымдар;
- мультимедиа;
- гипермәтіндік жүйелер.

Ақпараттарды жеткізуінің электронды құрылғыларының артықшылықтарына жатады:

- ізденісті бірнеше нышандары бойынша жүргізу мүмкіндіктері;
- бір сұранысының негізінде бірнеше деректер қорларына қолжетілімді тәртібінде ізденісті жүргізу мүмкіндіктері;
- АР тез арада қолжетілім мүмкіндігі;
- ізденіс жеделділігі;
- ізденіс нәтижелері таңдамаларының нақтылығын қамтыді, оның тереңдігін және толықтығын;
- белгілі мақала немесе кітаптың басылымнан шыққанша ақпараты алу мүмкіндігі (авторефераттар).

Мәшиналық ізденіс еңбекті ұйымдастыруына ыңғайлылығын қамтиды, мысалы деректер қорларын толықтыру барысында сұраныстың автоматты түрде қайталау мүмкіндігі, on-line тәртібінде бастапқы көзін жедел тапсырыс беру мүмкіндігі және мәшине оқиалатын файл түрінде нәтижелерді алу мүмкіндігі, кейінгі өндеуіне қолайлы деректер алу (жеке деректер қорларына енгізу, есептерді, мақалаларды, шолуларды дайындау және т.б.).

Демек, электронды ақпараттық ресурстарының маңызды ерекшелігі – әртүрлі ақпараттарға кең және жедел қолжетілім, ал ол ақпараттық технологиялар тиімді нәтижелеріне жеткізуіне көздеріміз жетеді.

Ал электронды ақпараттық ресурстарының кемшілігі – электронды-есептеу машина немесе дербес компьютер болуы қажет.

Тапсырмалар

1. Электрондық ақпараттық ресурстарының жіктемесін келтіріңіздер. Аталғандарының бәріне мысалдар келтіңіздер.
2. Кітапханаларының деректер қорларының мысалдарын келтіріңіздер. Толық сипаттамаларын келтіріңіздер.
3. Деректер қорларының жіктемесін атаңыздар, мысалдар келтіріңіздер.
4. Қазақстан Республикасындағы деректер қорларына талдау жасаңыздар. Статистикалық есеп құрыңыздар.

5. Кітапханалық электронды басылымдарына түсініктеме беріңіздер, мысалдар келтіріңіздер.
6. Мультимедиажүйелеріне түсініктеме беріп мысалдар келтіріңіздер.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес, тапсырма беру.

Бақылау сұрақтары

1. АР дамуының негізгі қағидаларын атап кетіңіздер.
2. Электронды ақпараттық ресурстарының негізгі түрлерін сипаттаңыз.
3. Электронды ақпараттық ресурстарының артықшылықтары мен кемшіліктері.
4. Деректер қор деген не? Қалай олар жіктелінеді?
5. Деректер қорларын басқару жүйесі деген не?
6. Электронды басылым деген не?
7. Электронды басылымдарының қандай түрлерін білесіздер?
8. Мультимедиялық жүйелер деген не? Мысалдар келтіріңіздер.
9. Гипермәтіндік жүйелер деген не? Мысалдар келтіріңіздер.
10. Қандай жағдайларда электронды ақпараттық ресурстар қолданылады.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Антопольский А.Б. Информационные ресурсы России: Научно-метод.пособие. – М.: Изд-во «Либерей», 2005.-217с.
2. Армс В. Электронные библиотеки: Учеб.пособие /Пер. с англ. С.А.Арнаутова.-М.:ВИНИТИ,2000.-274с.
3. Норман С. Библиотеки и издательства как главные действующие лица в информационном обществе // Науч. и техн.б-ки.1998. №8. С.37-44.
4. Хойль Д. Работа с электронной информацией: изменяющаяся роль библиотекаря // Науч. и техн.б-ки.1996. №5. С.32-35.

№ 4 сабағының тақырыбы: «Электронды құжаттарды каталогтеу технологиясы»

Сабақтың мақсаты – электронды құжаттарын каталогтеу технологиясымен таныстыру.

Сабақтың міндеті – тақырып бойынша ұғымдық аппаратын меңгеру, электронды каталогпен жұмыс істеуін үйрету.

Сабақтың түрі – талдау

Бақылау түрі – глоссарий қабылдау, электронды каталогпен жұмыс істеуін.

Қарастырылатын мәселелер:

1. Электронды құжаттарының ұғымдық аппараты.
2. Электронды каталогінің ұғымдық аппараты.
3. Электронды каталогпен жұмыс істеу технологиясы.

Теориялық материал:

Каталогтеу ұғымы МССТ 7.26-80 бойынша: «Кітапханалық каталогтерді құруын және қызметін атқаруына арналған үрдістер жиынтығы». Кітапханалық каталогтер қызмет етуіне кітапхананың қорының мазмұнын және құрамын білдіретін библиографиялық жазбалар белгілі ережелер бойынша орналасқан жиынтықтар.

Каталогтеу келесі үрдістер тұрады:

- құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өндеуінен;
- каталогтерді ұйымдастыру, жүргізу және түзету, каталогтер жүйесін басқару және каталогтеуінің технологиялық үрдістерінен.

Құжаттар кітапхананың өзімен немесе орталықтандырылған орнынан - әдістемелік орталықтар немесе олардың басқаруымен, олар кітапханалар желілері немесе ақпараттық орталықтарында жүргізіледі.

Орталықтандырылған каталогтеуінің нәтижесі:

- магнитті таспалар;
- дискетталар;
- компакт-дисктарда;
- басқа да ақпарат тасымалдауыштарында ұсынылады.

Каталогтеуінің маңызды үрдістеріне жатады:

- библиографиялық сипаттама құру;
- жүйелеу және заттандыру (олар құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өндеуінің үрдісіне жатады).

Библиографиялық сипаттама – МССТ 7.1-84 «Библиографическое описание документа» стандартымен бекітілген ережелер бойынша құжат туралы библиографиялық мәліметтерінің жиынтығы.

Сипаттаманың нысаны ретінде толық басылым немесе оның бөлігі немесе құжаттардың топтамасы болуы мүмкін.

Нысанға байланысты сипаттама болуы мүмкін:

- монографиялық – бір томдық басылым немесе көптомдық басылымының бір томы немесе бір бөліктен тұратын сериялық басылым;
- аналитикалық – жариялынған басылым немесе құрамдас бөлігі туралы мәліметтер енген құжаттың құрамдас бөлігінің сипаттамасы;
- біріккен библиографиялық – көптомдық немесе жалпы сериялық басылымның немесе ішіне енген бірнеше томдарының, нөмірлерінің, шығарымдарының және т.б., олар екі бөліктен тұрады: а) жалпы бөлігі; б) спецификациядан.

Сипаттаманың толық көзі ретінде басылымның бірінші беті – титульдік беті саналады.

Сипаттама бірнеше элементтерінен тұрады, олар аймақтарға біріктірілген. Библиографиялық сипаттамасының элементтері – библиографиялық мәліметтер бар лексикалық бірлік (сөз, сөз тіркесі, сандар және т.б.) деп түсінуге болады.

Библиографиялық сипаттаманың аймағы – бұл құрылымдық бірлік, онда бір немесе бірнеше функционалды біркелкі элементтер енгенінен тұрады.

Библиографиялық сипаттамаға кіреді:

- міндетті элементтер – құжатты идентификациялауын қамтамасыз ететін мәліметтер;

- факультативті элементтер – құжат туралы, оның мазмұны, оқырмандық маңыздылығы және т.б. қосымша ақпарат.

Библиографиялық сипаттаманың элементтері берілуіне байланысты:

- толық – міндетті және факультативті элементтері бар;
- кеңейтілген – міндетті және бір немесе бірнеше факультативті элементтерінен;

- қысқаша – тек қана міндетті элементтерінен тұратындар.

Библиографиялық сипаттама библиографиялық жазбаның негізі ретінде саналады, ол каталогты құру барысында қалыптасады.

Жүйелеу – жіктеленетін индекстер түрлерінде құжаттардың мазмұндық және қарапайымдық нышандарын бейнелеуі. Жүйелеу нысаны ретінде баспаның кейбірлері, оның бөлігі немесе біркелкі құжаттары болуы мүмкін.

Жүйелеу бір-бірімен байланысты және ретімен орындалатын үрдістерінен тұрады:

- жүйелеу нысаны ретінде құжаттардың мазмұндарын талдау;
- мағыналы құрамдастарын (ұғымдарын) сураптау және айқындау;
- жіктеме шешімін қабылдау;
- сол шешімін арқасында алфавиттік-заттық көрсеткішінің рубрикасын жүйеленген каталогіне қалыптастырады;
- жіктелген индекстерін және заттық рубрикаларын түзету;
- карточкада жіктеме шешімін безендіру.

Каталогтеу бөлімінде анықтамалық басылымдарының қорын қалыптастырады, оның ішіне кіреді:

- әмбебап және салалық энциклопедиялар;
- тілмаш және терминологиялық сөздіктер;
- екі тілдік сөздіктер;
- географиялық атластар;
- анықтамалар;
- қалыптасқан терминологиялық сөздіктері – салалық рубрикаторлар, заттық рубрикаларының сөздіктері және тезаурустар.

Кітапханалық каталогтерін ұйымдастыру

Каталогтерді ұйымдастыру үрдістеріне келесі операциялар жатады:

- каталогтің құрылымын анықтау;
 - каталогтің паспортін құру;
 - карточкаларды безендіру және таралымдау;
 - каталогтерді сыртқы безендіру;
 - каталогтерді ішінен безендіру;
- каталогтерді қолдану және жарнамалауына көмек ретінде құрал құру.

Тапсырмалар

1. МССТ 7.26-80 бойынша: «Кітапханалық каталогтерді құруын және қызметін атқаруына арналған үрдістер жиынтығы» стандартымен танысу. Ұғымдық аппаратымен танысып, глоссарий құрастырыңыз.
2. Белгілі кітапхана үшін анықтамалық-библиографиялық аппаратында алфавиттік және жүйелі каталогтарын құрастырыңыздар.
3. 1, 2, 3 авторларының кітаптарын сипаттаңыздар.
4. Бірінші автор және редакторы бойынша міндетті қосымша жазбасымен кітапты сипаттаңыздар.
5. Серіктес автор және аты бойынша міндетті қосымша жазбасымен кітапты сипаттаңыздар.
6. Бір автордың ортақдас авторсыз жинағын сипаттаңыздар.
7. Бір автордың жалпы аты бар жинағын сипаттаңыздар.
8. Анықтаманы сипаттаңыздар.
9. Бірнеше авторы бар жалпы атауымен және жалпы атауысыз шыққан жинағын сипаттаңыздар. Мазмұндарын толық сипаттарыңыздар.
10. Титульдік бетінде құрастырушының аты-тегі бар сөздік және хрестоматияны сипаттаңыздар.

Жеке немесе топтық тапсырма: Кітапхананың анықтамалық аппаратына сценарий құру, ақпараттық және кітапханалық технологияларымен өзара байланысын сипаттаңыздар.

Баға қою критериялары

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1. Каталогтеу үрдістерін сипаттаңыздар, жалпы кітапханалық технологиясында орны мен рөлі.
2. Құжаттың мазмұнын ашуының үш негізгі қағидалары. Әрқайсысына сипаттамалар беріңіздер, ұқсастықтары мен айырмашылықтары, оқырмандарға қолжетілімі.
3. Кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппараты, функциялары, кітапхананың түріне байланысты оның құрылымы.
4. Кітапхананың карточкалар мен каталогтер жүйесі. Функциялары мен құрамы. Оқытушен ұсынылған кітапхана үшін каталогтер жүйесін сипаттау.

5. Жүйелеу әдістері.

6. Автоматтандырылған каталогтер. Электронны каталогтің ұғымы. Дәстүрлі кітапханаларының каталогтерінен айырмашылығы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1 ГОСТ 7.1-2003. Библиографическая запись . Библиографическое описание. Общие требования и правила составления. – Введ. 01.07.2004. – М., 2003. - 78 с.

2 ГОСТ 7.80-2000. Библиографическая запись. Заголовок. Общие требования и правила составления.

3 ГОСТ 7.12-93. Библиографическая запись. Сокращение слов на русском языке. Общие требования и правила.- М.,1995. – 17 с.

4 ГОСТ 7.51-84. Карточки для каталогов и картотек. Общие требования.

5 Брауде, Л.Р. Основы библиотечно – библиографических знаний : учебное пособие для средних спец. учеб. заведений / Л.Р. Брауде, В.Н. Ронжес, О.В.Чеснокова .- М.: Высшая школа, 1981.-94С.

6 Воронько, К.Л. Организация библиотечных фондов и каталогов/ К.Л.Воронько.- 2-е издание перераб. и доп.-М., 1981.-327с.

7 Зупарова. Л. Б. Аналитико – синтетическая переработка информации : учебник / Л. Б. Зупарова, Т. А. Зайцева. – М.: Фаир, 2008.- 400 с.

8 Савина, И. А. Библиографическое описание документа: учеб.-метод. пособие / И. А. Савина. – М.: Либерея, 2004. – 88 с.

9 Справочник библиографа / под ред. А. Н. Ванеева. - 2-е изд. перераб. и доп. – СПб.: Профессия, 2003. - 559 с.

10 Сукиасян, Э. Р. Библиотечные каталоги: метод. материалы / Э.Р. Сукиасян.- М., 2002. – 192 с.

№ 5 сабағының тақырыбы: «Ақпараттық қызмет көрсету және ақпараттық ізденіс»

Сабақтың мақсаты – кітапханада қызмет көрсету және ақпараттарды ізденіс жасауын үйрету.

Сабақтың міндеті – қызмет көрсету қағидаларын меңгеру, ақпараттық ізденіс ережелерін меңгеру.

Сабақтың түрі – талдау

Бақылау түрі – ауызша, сұрақтарға жауап беру.

Қарастырылатын мәселелер: Кітапханалық ресурс, кітапханалық сұраныс, кітапханалық қызмет түсінігі. Кітапханада қызмет көрсетудің мақсаты мен міндеттері. Кітапханада қызмет көрсетудің жүйесі, формалары және әдістері. Оқырмандарға қызмет көрсетудің дәстүрлі және инновациялық формалары. Кітапхана оқырмандарына жекелей қызмет көрсету ерекшеліктері. Оқырмандар сұранымы және оны қанағаттандыру. Кітапхана қызметі. Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетудің негізгі бағыты. Жеке кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету. Оқырмандарға қызмет көрсетудегі дау және оның шешілуі Топтық және фронталды (массалық) кітапханалық қызмет көрсету

Теориялық материал

Ақпараттық қызмет көрсету - ақпаратпен жұмыс істейтін мекемелер мен қызметкерлерді қажетті мәліметтер және тұтынушылармен жасақтау. [1]

Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету - бұл рухани, өндірістік, білім беру және басқа да қажеттілікпен қамтамасыз ететін, пайдаланушыларға библиографиялық және фактографиялық ақпаратты, құжаттың өзін немесе оның көшірмесін, басқа да кітапханалық қызметті беретін, осы мақсатқа арнайы құрылған кітапхананың құрылымды бөлімдерімен жүзеге асырылған қызметі.

Қызмет көрсету кітапхананың басқа да барлық бөлімдерінің жұмысын бағыттады және өзгертеді, сонымен қатар олармен жүзеге асырылған технологиялық процестер, тұрғындардың көзінше кітапхана образын қалыптастырады, соңғы қорытындысында оның қоғамдағы орнын және әлеуметтік әсер өрісін айқындайтын қазіргі кезеңдегі кітапханалардың бастапқы функциясы болып табылады.

Қорды жинақтау, құжаттарды өңдеу, қызмет көрсету бөлімдерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету негізінде компьютерлік жүйеге қосылу құрылады.

Қызмет көрсету бөлімдерінің қызметін зерттеуді кітапхананы пайдаланушылардың және пайдаланбаушылардың ағымды және перспективті қажеттіліктерінің есебіне, кітапхананың барлық қалған бөлімдерінің жұмысына негізделіп түзетеді.

Кітапхананы пайдаланушы - бұл қызметке жүгінетін ұйым немесе жеке тұлға, бірақ бұл термин «оқырман» түсінігін қысқартпайды.

Кітапхананы пайдаланушы онда үлкен рөлді ойнайды - ол көрмеге келуші, іс шараға қатысушы, анықтама алушы болуы мүмкін. Кітапханашының барлық қызметімен жүзеге асырылатын пайдаланушының негізгі рөлі - бұл пайдаланушыдан нағыз оқыrmанды қалыптастыру. Сондықтан да «кітапханада барлығы оқырманнан басталады және барлығы оған қайтып «оралады» формуласы әділетті.

Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетудің тиімділігі мен мақсатқа бағытталғандығы қоғамның дамуының әр кезеңінде, көбіне елдің ұлттық доктринасы қаншалықты нақты жетілдірілгеніне (оның жоғарғы идеясы, мәселесі яғни идеалдардың рухани алаңы, қазіргі кезеңдегі қоғамдық дамудың маңызы мен бағалығы) және көпшілік кітапханалардың кітапханашылары терең бөлшектейтініне байланысты.

Қазіргі кезеңде кітаптың алға жылжуымен, сонымен қатар рухани норма мен құндылықты тікелей беру арқылы ағарту ролі күшейтілуде. Білімді тарату өрісі кітапханалық ағартудың ажыратылмас элементі болып қала береді.

Міне сондықтан да көпшілік кітапханалар, көбіне шағын кітапханалар балалар мен үлкендерге қызмет еткенде минималды бөлінуге өтеді, ал

жасөспірімге қор «есейген» бөлігіне кіруге рұқсат беріледі. Кітапты бірге таңдау, ата-аналардың балалармен кітапханалық іс-шараларға келуі (мәселен, «Әке, ана және мен - оқырман жануялар») жас аралық қарым-қатынас үшін перспективті жағдай жасайды. Ата-анадан балаға, үлкеннен кішіге кітапқа деген махаббатты және жануялық ақпарат пен дәстүрді беруге мүмкіндік туады, осыдан жануялық оқуды қайта қалыптастыруға болады.

Бірақ қазіргі кезеңде кітапхана ролі едәуір күрделенді. Олар анағұрлым жоғарғы сапалы дәрежеде, жартылай функционалды мекемеге айнала бастады. Кітапханалар еркіндік алған әлеуметтік-мәдени сатыларды алуға мәжбүр болады және басқа қайта мамандалған немесе тіпті жойылып кеткен мәдени-ағарту және тәрбиелеу ұйымдарына - клубтар, сарайларына тән міндетті алады.

Жаңа типті кітапхана-филиалы: кітапхана құқықтық-ақпараттық орталық, кітапхана-клубтар, кітапхана-кафе, кітапхана-театрды құру басталды. Олар кітапханаға белгісіз себептермен келмейтін тұрғындар бөлігін кітап мәдениетіне біртіндеп кіргізеді. Жалпыаудандық мерекелерді, театрланған көріністерді, үйірмелерді, спорттық жарыстарды қосқанда, клуб жұмыстарының әртүрлі іс-шаралары кітапқа баулудың тәсілдері болып табылады. Бұл үрдіс кітапханалардан, өзінің шарттарына осы мекемеге тән, мәдени-ағарту қызметінің әртүрлі тәсілдерін меңгеру мен бейімделуді талап етті.

Дәл осындай біріктіру кітаппен және ақпараттың басқа да дереккөздерімен жұмыс істеуде жаңа сапаны берді, қызмет көрсету өрісі және мәдени-ағарту жұмысының «кітапханалық емес» өрісімен тікелей және тура жаңа байланысының ізденісі - оған анағұрлым терең ойды қамтамасыз етті. Осыған байланысты көпшілік кітапханалар, бұрынғыға қарағанда, мекеменің күрделі, едәуір маңызды міндетті орындайды.

Көпжылдық идеологиялық догматтан босатылып, кітапханалар оқырмандарға еркін таңдауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар осындай таңдаудың мүмкіндіктері жоғарылаған.

Кітапханалық-библиографиялық қызметтің соңғы мақсаты өзінің мәнінде мәдениетті болып табылады, жеке тұлғаның рухани өзіндік жүзеге асырудан тұрады.

Көпшілік кітапханалар олардың жас ерекшеліктері, кәсіптік, білімдік, мәдениетті, бос уақыт және басқа қызығушылықтары мен талаптарын ескере, тұрғындардың барлық категорияларына қызмет көрсетеді.

Балалар мен жасөспірімдердің рационалды оқуда іскерлігі мен дағдысын дамыту, қиялдау мен шығармашылық қабілеттері, компьютерлік сауаттылықтарының дамуына әсерін тигізеді, сонымен қатар өсіп келе жатқан ұрпақты оқу процесі мен білім беру қызметімен қамтамасыз етумен айналысады.

Көпшілік кітапханаларда мүгедектер, кәрі адамдар, госпиталға жатқызылған аурулар секілді оқырман категорияларына қызмет көрсетуде маңызды орын бөлінеді.

Мүгедектер, сонымен қатар қимылдауда қиыншылыққа тап болатындарға (арбада отыратын-мүгедектер), кітапханаға өз бетімен келулеріне жағдай жасалынған, ал кітапханаға келе алмайтындарға, үйлеріне бару қызметі атқарылады. Кітапханаға мүгедектердің келуі үлкен психологиялық маңызды алады, кітапханашылар және басқа да оқырмандармен қарым-қатынаста болуларына, өздігінен кітап таңдауларына мүмкіндік туғызады. Мүгедектерге қызмет етуді жақсарту үшін кітапханалар әртүрлі қоғамдармен, ұйымдармен ынтымақтастығы үлкен мүмкіндіктерді туғызады. Мүгедек балаларды оқытып, тәрбиелеуге көмектесулерінде кітапханашылар жұмысы ерекше көңіл аударуды талап етеді. Егде жас (60-74 жасқа дейін), қариялар немесе кәрілік (75 жас) және ұзақ өмір сүрушілер жасаушы (90 және одан да жоғары) оқырмандарды кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетуді ұйымдастыру өзінің ерекше орынын алады.

Осы жұмыста кітапханашылар «Үлкен ұрпақтар» (1997 ж.) мемлекеттік мақсаттық бағдарламасына, сонымен қатар «үшінші жастағы» оқырмандардың тәртіптерінің психофизиологиялық ерекшеліктері туралы геронтологтардың ұсыныстарына сүйенеді. Қарттарға арналған интернат-үйлермен, соғыс ардагерлеріне арналған госпиталдар, әлеуметтік қызмет көрсетудің территориялды орталықтарымен байланыс үлкен мүмкіндіктерді ашады. Қарт оқыр-мандардың үйлеріне кітап жеткізу қамтамасыз етілген.

Осы оқырмандармен жұмыс істеуде жылы шырай мен еркін қозғалыс атмосферасын жасау қажет, қартаю көріністерінің негативті қарым-қатынасқа шыдамдылық таныту, оқырмандардың хал-жағдайы мен көңіл-күйін ескеру қажет, тілектестік пен қайырымдылық тануту қажет, қарт адамдардың жастармен рухани және интеллектуалды ара-қатынасына көмектесу қажет.

Осы категориялармен жұмыс істеуде, олардың кітапханаға келуіне қолайлы жағдай жасалу керектігі маңызды орынды алады. Кітапханаларды арнайы лифтімен жабдықтау қажет, арнайы жолдар төсеу қажет, кітапханада қоғамдық транспорт тоқтайтын аялдамалардың ұйымдастыруда дегеніне жету қажет.

Көпшілік кітапханалар госпитальдағы ауруларға қызмет көрсетуде белгілі ролді ойнай алады. Кітапхананың пайдаланушылары болып табылатын аурулар және жазылып келе жатқандар, оның қызметін алу мүмкіндіктерін жалғастыру қажет. Арнайы іріктелген мәтінде, оқумен емдеу ретінде библиотерапияны қолдану мұнда перспективті. Бұл істе емдеуші дәрігер мен кітапханашының күштерінің бірігуі қажетті.

Кәсіпкерлер, шағын және орта бизнес өкілдері, фермерлер, қайта мамандандырылуға талпынған жұмыссыздар, бозғындар мен амалсыз қоныс аударған кітапхананы пайдаланушылардың жаңа топтары өзінің ерекше талаптарын алады. Аталған оқырман топтарының әрқайсысымен дифференцияланған жұмыс жүргізіледі, топпен ақпаратты қабылдау мүмкіндігі мен ерекшеліктеріне сәйкес, арнайы қызмет көрсету түрлерін іздеу жүргізіледі.

Кітапханада қызмет көрсетудің қағидалары

Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетудің тәжірибелік стратегиясын айқындауда маңызды ролді ғылыми принциптер мен нормативті нұсқаулар алады.

Зерттеу негізінде кітапхананы пайдаланушылардың дифференциялық тәсілінің қағидалары. Бұл принциптің маңызы, егер жалпы оқырманға емес, оқырмандық дайындыққа, талаптарға, қызығушылыққа, сұранысқа максималды сай келетін, белгілі адамға бағытталса, онда кітаптың әсер етуі өседі деген бекітілімнен тұрады. Кітапханашы жас ерекшеліктерімен, мамандықтарымен, білімдерімен, психологиялық құрылымымен және қабілетімен ерекшеленетін пайдаланушылармен жұмыс жүргізеді. Жеке тұлғасының осы да және басқа қасиеттері кітап таңдау мен оның оқу сипатына әсерін тигізеді, яғни әрбір нақты жерде, әрбір оқырманға қызмет көрсету бірдей болмайды.

Осы қағиданың жүзеге асырылуы кітапханашылардың алдына-кітапхананың пайдаланушыларын және «пайдаланбаушыларын» зерттеу және осы негізде олармен жұмыс істеу міндетін алдарына қояды. Соңғы мақсаты - форманы жүзеге асыру: «әрбір оқырманға оның кітабын, әрбір кітапқа - оның оқырманын».

Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетудегі жүйелік қағидасы. Оқырман қызметінің табысын қамтамасыз ететін, кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетуде нақты жүйелік принципті құру, оның мәні болады. Осы принцип кітапханалық және оқырмандық қызметтің өзара байланысқан деңгейінде әсер етеді:

- кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету, нақты кітапханалық қызметінің барлық жүйесінің ажыратылмайтындай бөлігі негізінде дамуы қажет;

- әрбір жеке нұсқаулық және басқа да кітапханалық акт, кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету жүйесінің органикалық элементі болуы қажет.

Кітапханалық қызметтің бағыттары:

- жекеленгеннен, эпизодтықтан әрбір оқырманның оқуы, белгілі білім шеңберін алуға бағытталған, әртүрлі және жан-жақты жүйеге біртіндеп ауысуы.

- оқу мақсатын айқындай білуден қалыптасатын, қимыл жүйесін, керек кітапты таңдау, оның рационалды оқу тәсілін анықтау, конспектілеуді оқырмандық қызмет көрсету.

- әрбір тақырып бойынша оқу журнал, газеттен басқа материалды да кіргізді;

- кітапхананы пайдаланушы оны қызықтыратын тақырып бойынша кітапхана мүмкіндігін ғана емес, радио, телеарна, кино, театр, мұражай және компьютерлік жүйе ресурстарын да әрекеттендіре біледі.

Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетуде плюрализм қағидасы. Өзінің рухына, көңіліне, ықыласына лайық, құнды, дүниетанулық, мәдениеттанулық, экономикалық, әртүрлі саясатты ашатын, оған ұсынылған ақпарат деректемесін таңдау еркінде, кітапханашы пайдаланушының табиғи құқығын алуында, оның негізгі мәні болады. Әдебиетті таңдау еркіндігі Конституциямен және «Кітапхана ісі туралы» Ережемен қорғалған. Осы принциптің әрекет шегінде, тек елдің ұлттық араздылыққа шақыратын, соғысты насихат-тайтын мемлекеттік құпияны алатын әдебиет қана тұрады. Принциптің ақырғы мақсатын мына образда құрастыруға болады: басқа ой, тәсіл, көзқарасқа құрмет және шыдамдылықты тәрбиелеу, басқаларды тыңдай білуді жетілдіру қажет.

Кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсетуде сұқбаттық қағидасы. Тиімді қызмет көрсетуде қозғалыс күші диалог болып табылады: кітапханашы кітапханашымен, кітапханашы кітапхананы пайдаланушымен, оқырмандар өз-өздерімен (автокоммуникация), оқырмандар кітап авторымен (оқу процесінде тура және жанама), оқырмандар өзара. Мазмұнды және өзара дамитын диалог үшін жағдай жасау кітапханашының міндеті болып табылады. Осы принцип ізденіс және оларда диалогтық бастаманы күшейту, өзара жеке ара-қатынас мүмкіндігін қолдануда құрастырылған кітапханалық қызмет көрсетуде жаңа тәсілдерді өңдеу жолымен кітапхана қызметінің дәстүрлі тәсілдерін модернизациялауды талап етеді.

Екі жақты әсер қағидасы. Өмір кітап авторымен жасалынған кітап мазмұнына әсер етеді, ал кітап өз кезегінде, өмірдің өзгеруіне жәрдемін тигізеді, сонымен қатар оқырман мен қоғам өмірінде кітаптың ролі оңды және теріс болуы мүмкін. Осыдан кітапхана қызметінің мақсатын құрастыруға болады: оқырмандарды жақсы кітаппен қызықтыру және оларға жаман кітаптың әсер етуін тоқтату, оқу деректемесін таңдай білуге үйрету.

Кітапхананы пайдаланушы жүгінген қандай да бір тақырыпты меңгеру тереңдігі мен тиімділігі, қызығушылығының жоғарылуында *өлкетану тәсілі қағидасы* қорытылады, өлкетанулық білім, өлкетанулық әдебиеттерді оқу үшін сәйкес орынды табу мүмкін және пайдалы. Осы білімдерді меңгеруге сәйкес, олардың маңызды тасымалдарын-өлкетанулық құжаттарды қолдануда жеке

тұлғаны «тамырландыру» күшейеді, олардың жекелігі мен өзінділігі нығаяды, дүниетанымдылығы дамиды. Сондықтан да өлкетанулық білім әдебиеттерді ұсынуда «жалғаспалы» элемент болып табылады. Олар сонымен қатар мигранттардың жаңа тұратын ортасына «үйрену» тез бейімделуді едәуір қамтамасыз ететін, оқуда маңызды құрама болып табылады. Өлкетану білімі оқуды көкейтестіндіреді, оны қызықты, нақты және жақын етеді.

Кітапханалық - библиографиялық қызмет көрсетуде көрнекілік қағидасы. Оқырмандарға берген нұсқауда кітапханашының барлық әрекеті, ақпараттың максималды санын тікелей көрермендік каналда қабылдаумен, кітапты көрнекілік көрсету міндетімен әрқашан байланысты және ол анағұрлым тез есте сақталатын және тұрақты болып табылады.

Кітапты ұсынуда кітапханашылармен көрнекіліктің үш түрі қолданылады:

1. кітаптың өзі немесе басқа ақпаратты тасымалдаушы. Осы көрнекілік түрінің жоғары көрінісі - кітапхана қорына ашық рұқсат ету;

2. кітапхананы пайдаланушының көңілін кітаптың қандай да бір маңызды сипаттамасына (кітапханашы көзқарасымен) аударатын, макет, фотосурет, сурет түрінде көрсетілген кітап бейнесі. Кітап көрмесінің, плакаттың, әдебиеттің нұсқаулық тізімінің элементі негізінде қолданылады;

3. кітап емес, кітаптың библиографиялық сипаттамасы көрсетілгенде, осы кітаптың идентификациясы мен жалпы сипаттамасына жеткілікті ол туралы мәліметтердің жиынтығы, оның сөреде тұруы. Өртүрлі каталогтарда, картотекаларда, әдеби тізімдерде қолданылады.

Осы көрнекілік түрінің әрқайсысы өзінің құндылығы мен кемшілігін алады, сондықтан кітапханалық қызмет көрсету процесінде оларды комплексте қолдану орынды.

Қағиданың соңғы мақсаты мына образда қалыптасады: кітапханада кітаптың бар екенін көрсету қажет және кітапты алудың оңай екеніне оны сендіру.

Оқырмандарға күнделікті қызмет көрсету сапасы, оны зерттеуде алынған нәтижелер сенімділігі, кітапхана қызметкерлерінің жаңашылдыққа қабілеттіліктері, қызмет көрсету бөліміндегі «оқу шебері» болуы тиіс кітапхашы біліктілігіне байланысты (синонимде: «кемелденген оқырман», «оқырман-шебер»).

Осыған байланысты отандық кітапханатану классигі Л.Б.Хавкинаның сөзін еске түсіру қызықты: «Жеткілікті білгір және кітапты толық білмейтін ақиқатты кітапханашыны елестету мүмкін емес». Бұл кітапханашыға керектінің негізгісі және ақыры қарай: «Олардың барлығын тікелей білу үшін, кітаптар өте көп, бірақ ол жұмыс істейтін, көпшілік оқырмандарды таныстыратын негізгі «ядро» кітаптарды ол өзі оқып шығуы керек». Бұл бөлімдердің кітапханашылары

жақсы оқырман болуы қажет, рационалды оқудың тәсілдерін меңгеру қажет, кітаппен жұмыс істеудің әртүрлі тәсілдерін қолдануы қажет дегенді білдіреді.

Бұл кітапханашының кәсіптік жарамдылығын, қызмет бөлімінде табысты еңбек ету мүмкіндігін, кітапхананы пайдаланушылардың алдында құрметке ие болатынын айқындайтын бастапқы мәнді қасиет.

Тәжірибе мен зерттеудің бойынша кітапханашы өте көп оқыған кітапхананы пайдаланушыдан гөрі кітапханашы көп кітаптарды білуі қажет. Осыған орай кітапханашыға арнайы қосымша кітапханалық оқу тәсілдері көмекке келеді, осындай күрделі міндетті шешуге көмектеседі. Бірақ кітапханашының оқуына мұндай көңіл аудару, оны басқа да маңызды және пайдаланушылармен тиімді қарым-қатынасына қажетті жеке кәсіптік сапасынан айырмайды.

Кітапханалық кәсіптік бірлестікпен қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлеріне көмекке нұсқаулар жетілдірілген:

1. Кітапты беру кезінде кітапханашы толығымен оқырман ықыласында болады және оған мұнды көрсетуге талпынады;

2. Бірінші қолайлы әсер қалдыруға талпыну қажет;

3. Максималды күш салумен, байсалды жұмыс істеу қажет;

4. Егер кітапханашыға оқырман ұнамаса, оған мұны көрсетпеу керек. Барлық келушілермен сөйлесуде бірқалыпты, тілектес, сыпайы болу қажет. Қиын оқырмандар кітапханашылар үшін кенеттен келген болмауы қажет. Оқырманмен ұрыс шығармау қажет;

5. Егер кітапханашы қандай да бір тығыз болып табылатын, ішкі жұмыспен айналысқан жағдайда емес, керісінше кітапханашы басқа келушілерге қызмет көрсетіп тұрса, онда оқырманның күтуіне болады;

6. Орынсыз оқырмандық сұраныстар болмайды. Егер оқырман кеңес сұраса, әрдайым анықтама мен кеңес беруге дайындығын көрсетіп, кітапханашы оны түсінуге тырысады;

7. Егер қызметкер өзі көмектесе алмаса, онда ол басқа қызметкерге жіберуге құқығы жоқ;

8. Өзінің өрісінде емес, оқырман қызметінің өрісінде, оның сұранысы жоспарында ғана, кітапханашы өзінің хабардар еместігін айтуға ұялмауы қажет;

9. Оқырмандар кітапхана мүддесі және өз мүдделерінде тәртіпті қадағалаулары қажет. Кітапханада, оларға кедергі жасайтын болса, онда бас-қа оқырмандармен ересек оқырманға ескерту жасалуы қажет. Кітапханашы ескерту жасамайды;

10. Егер келуші ережені бұзатын болса, ол мұнымен, кітапханашыларға емес, басқа оқырмандарға кедергі жасайды немесе құқықты шектейтіні туралы көрсету қажет;

11. Хабарламада тыйым салынатын сөздер талап емес, өтініш негізінде жеңіл әуенделуін қадағалау қажет;

12. Кітапханашы осыны үнемі жасап, кітапханаға оқырман көзімен қарауы қажет.

Тапсырмалар

1. Жеке кітапханалық қызмет көрсетулерінің түрлері мен әдістерін атап кетіңіздер.

2. Келесі қызмет көрсетулерінің түрлеріне сценарий құрыңыздар және топтасып оқытушыға тапсыру:

- а) жеке әнгімелесу;
- ә) жеке ақпараттану;
- б) жеке ұсыну.

3. Оқырманға кеңес беруінің сценарийін құру. Кеңес беру түрі оқытушының ұсынуымен тағайындалынады.

4. Оқуының жеке жоспарларының түрлерін атаңыздар. Оқырманның сұранысына байланысты жоспарлар құрыңыздар.

5. Ақпаратты саралап тарату әдісі бойынша компьютерлік технологияны қолданып тарату сценарийін құрыңыз.

6. Дистанциялық жеке қызмет көрсетуіне ғаламтор немесе интранет жүйелерінің көмегімен қызмет көрсетулерінің сценарийлерін құру.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес, жеке тапсырма беру.

Бақылау сұрақтары

1. Отандық және шетелдік мамандарының ақылы кітапханалық қызметін көрсетуіне өздерінің негізгі көзқарастарын сипаттап кетіңіздер.

2. Қандай этикалық қағидалар бұзылмауы керек ақылы кітапханалық қызмет көрсетулерін енгізу барысында?

3. Қандай мыселелер шешімі тікелей пайдаланушылардың төлемдерінің кітапханалық қызметтерін ұйымдастыру және үлестіруіне әсер етуі мүмкін?

4. Дәстүрлі ақпараттық ізденісінің ерекшеліктері.

5. «Релеванттік» және «Пернинеттік» ұғымдарының мағыналары неде?

6. Сұранысты қайта жаңадан тұжырымдауы не үшін қажет?

7. Ақпаратты іздеуінің негізгі тәсілдерін атап кетіңіздер.

8. Ақпаратты іздеу нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштері.

9. Кітапханада ізденістің қандай түрлері қолданылады?

10. Пайдаланушылардың сұраныстарының үш негізгі түрін атап кетіңіздер.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника/ Жалпы редакциясын

басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдаламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 бет.

2 Закон Республики Казахстан «О культуре». 30 ноября 2006. – Ст.24 «Библиотечное дело».

3 Ақпараттандыру туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. 2007ж., 11 қаңтар // ҚР Парламентінің жаршысы.-2007.-№2.-Б.50-80.

4 ГОСТ 7.0-99. Информационно-библиографическая деятельность, библиография. Термины и определения. – М.,2000. – 36с.

5 Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің жұмысын ұйымдастыру: Нұсқаулар мен есеп түрлері. Түзетілген, толықтырылған, 2-ші басылымнан ықшамдалып аударылды/Ауд. Т.Имашева, Ж.Кариева, Ш.Тазабекова. – Алматы: Рауан, 1993. – 192 б.

6 Лисицина Г.С. Современные технологии в обслуживании пользователей библиотек: МБА и служба доставки документов//Науч. и техн. б-ки. – 1997. - №1. – С.98-100.

7 Ақшал М.А. Кітапхананың библиографиялық қызметі: Оқу құралы.- Алматы: «Нұрлы Әлем» басп., 2009. – 120 б.

8 Ахметова С., Ақшалова М. Кітапханадағы библиографиялық жұмыс: ұйымдастыру мен методика. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 151 б.

9 Кітапхана ісі. Жаңа терминдер сөздігі /Ауд.: Батыргереева А., Бозымбеков Қ., Нұрсеитова А., Рахимова А., Шаймерденова Б.-ҚА Ұлттық кітапханасы.-Алматы,2001.-38б.

10 Дворкина М. Информационно-библиотечное обслуживание в социокультурном пространстве: Учеб.пособие. -М.: Профиздат, 2002. – 180 с.

№ 6 сабағының тақырыбы: «Ақпаратты ретроспективті ізденіс»

Сабақтың мақсаты – студенттерді ақпараттарды ізденіс жүйесімен таныстыру.

Сабақтың міндеті – ақпаратты іздеу түрлерімен жұмыс істеуін үйрету.

Сабақтың түрі –зерттемелік, аналитикалық

Бақылау түрі – зерттемелік, электронды каталог пен кітапханада ақпараттарды іздеуін қадағалау.

Қарастырылатын мәселелер: Ақпараттық ізденіс. Ұғымдық аппараты. Ақпараттық қажеттілік. Ақпараттық сұраныстар. Ақпараттық-ізденіс жүйелері. Ізденіс жүйесі. Ақпараттық ізденісінің қағидалары. Ақпаратты ретроспективті ізденіс. Нәтижелік мәліметтер.

Теориялық материал:

Ең басымен ұғымдық аппаратымен танысу қажет.

Ізденіс (поиск, search) – белгілі сипаттары мен қағидалары бар нысандардың тұрған орнын анықтауымен байланысты амалдардың жиынтығы.

Ақпараттық ізденіс, ақпаратты іздеу (Информационный поиск, поиск информации; information retrieval, data search) – кез-келген

тасымалдауыштардан және ауықымдарынан алдын-ала тағайындалған нышардары бар ақпаратты іздеу, сұрыптау және беру үрдістері. Ақпараттық ізденісінің түрткі болатын себебі ретінде ақпараттық қажеттілік болады, ол ақпараттық сұраныс түрінде білінеді. Техникалық құралдарды тарту және адамның қатысу дәрежесіне байланысты ақпараттық ізденісі: «қолма-қол» және «мәшінелік» және «автоматтандырылған» түрлеріне бөлінеді. Автоматтандырылға ақпараттық ізденіс (ААІ) сұраныстарды сұқбат немесе дестелік өндеу ретінде іс жүзіне асырылынады.

ААІ ақпараттық ізденіс лингвистикалық, ақпараттық, бағдарламалы-техникалық, технологиялық, ұйымдастырушы құрылғылар және олардаң құрастырылатын кешендердің көмегімен қамтылып іс жүзіне асырылынады.

Тікелей ақпараттық ізденіс ақпараттық-ізденіс жүйесінің көмегімен орындалады. Ақпараттық-ізденіс жүйесі автоматтандырылған ақпараттық жүйенің (ААЖ) ішкі жүйесінің құрамына кіреді.

Ақпараттық ізденістің нәтижелерінің сапасы келесі негізгі қағидаларымен: толықтығы, дәлелділігі, ізденістің жеделділігімен сипатталынады.

Ізденіс түрлеріне жатады:

- библиографиялық ізденіс (библиографический поиск; bibliographic search/retrieval) – құжаттардың библиографиялық сипаттамалар ауықымы бойынша жүргізілетін ақпараттық ізденіс;

- құжаттық ақпараттық ізденіс, құжаттарды іздеу (документальный информационный поиск, поиск документов; document retrieval) – құжаттардың орнын табу және беруімен байланысты үрдістер;

- екілік ізденіс (двоичный поиск; binary search) – ретке келтірілген жазбалар тізімінен кез-келген нақтылы жазбаны іздеуіне арналған жүйрік техника;

- фактографиялық ақпараттық ізденіс (фактографический информационный поиск; data retrieval) – нақтылы (фактографиялық) мәліметтердің орнын табу және беру үрдістері;

- координаттық ізденіс (координатный поиск; coordinate retrieval) – координатты индекстеуін қолдануына байланысты ақпараттық ізденіс;

- ретроспективті ізденіс (ретроспективный поиск; retrospective retrieval) – тұтынушының мақсатты сұранымы бойынша деректер қорында ақпаратты іздеу және қағаз түрінде пошта немесе файл түрінде электронды пошта арқылы жіберу.

Ізденіс жүйесі (поисковая система; retrieval system) – сұраныста белгілі нышандарына сәйкес келетін керекті нысандарының орнын табу және алу (беру). Ізденіс жүйелері бөлінеді: қолма-қол, механикаландырылған, автоматтандырылған және т.б.

Ақпараттық-ізденіс жүйесі (АІЖ) (информационно-поисковая система (ИПС); information retrieval system) – электронды-есептеу техника құрылғыларының негізінде іске асырылатын автоматтандырылған ізденіс жүйесі, ол белгілі нышандары мен сипаттамалары бар ақпараттарының орнын табу және беруіне арналған. АІЖ – ақпараттық-ізденіс тілі, бағдарламалы құрылғылар және осы тілге (индекстеу) ауыстыратын ережелер, ізденісті қамтитын және бір-бірімен үйлесімділік жиынтығы. Ақпараттық тәжірибеде

көп аспектілі «АІЖ» ұғымы қолдануы қабылданған, ол абстракты және заттандырылған ұсынысымен байланысты.

АІЖ абстракты ұсынысы ақпараттық-ізденіс тілін, индекстеу ережелері және беру қағидаларын қарастыруымен шектелінеді. АІЖ заттандырылған ұсынысы ұғымына ақпараттық ауықымдар, олардың тасымалдағыштары (магнитты, оптикалық дискілер және т.б.), бағдарламалы және техникалық құрылғылар енеді. Бұл түрінде АІЖ деректер қорланының басқару жүйесінің (ДҚБЖ) бір бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Ақпараттық ауықымдарының түрлеріне байланысты АІЖ: құжатты графиялық (құжаттық), фактографиялық, құжаттық-фактографиялық (біріктірілген) түрлеріне бөлінеді.

Абстрактылы АІЖ (абстрактная информационно-поисковая система; abstract information retrieval system) – ақпараттық-ізденіс тілі, индекстеу әдістері және құжаттар мен деректерді іздеу жиынтығы.

ОРАС (Online Public Access Catalogue) – сұқбаттық (онлайн) тәртібінде кітапханалық (көбінше библиографиялық) деректер қорларына пайдаланушыларына қолжетілім қызметін қамтамасыз ететін АІЖ.

Қағида (критерий; criterion) – нысандарды бағалау барысында салыстыру жолдарымен қолданылатын нышан және белгілі шешімін қабылдауына, мысалы құжаттарды ақпараттық ауықымынан ізденіс кезінде сұрыптау және кейін оларды беру. Ақпараттық ізденісі кезінде әр келкі қағидалар қолданылады, атап айтқанда, «үйлесімділік», «мағыналық үйлесімділік» және «нысандық үйлесімділік».

Үйлесімділік қағида (критерий соответствия; match criterion) – сұраныс немесе ізденіс ұйғарым дәрежесі және құжаттың ізденіс түрі, жүйемен өңделетін амал құжатты беру/бермеу шешімін қабылдау немесе құжаттың өзі нышаны немесе нысандар жинағы.

Мағыналық үйлесімділік қағидасы, релеванттік қағида (құжаттар, деректер) (критерий смыслового соответствия, критерий релевантности (документов, данных); relevancy criterion) – ізденіс ұйғарымы мен құжаттың ізденіс түрінің мағыналық үйлесім дәрежесі жүйемен өңделетін амал құжатты беру/бермеу шешімін қабылдау немесе құжаттың өзі нышаны немесе нысандар жинағы.

Нысандық үйлесімділік (критерий формального соответствия; formal match criterion) - ізденіс ұйғарымы мен құжаттың ізденіс түрінің нысандық үйлесім дәрежесі жүйемен өңделетін амал құжатты беру/бермеу шешімін қабылдау немесе құжаттың өзі нышаны немесе нысандар жинағы.

Релевантық (релевантность; relevance) – ізденістің нәтижесінде ақпараттық ізденіс мазмұны құжаттың мағыналық мазмұнына үйлесімділік дәрежесін көрсететін сипаттамасы.

Пертинентік (пертинентность; pertinence) – сұраныста тағайындалған пайдаланушының ақпараттық қажеттілігі ізденістің нәтижесінде құжаттар немесе деректердің үйлесім дәрежесін анықтайтын сипаттама.

Ізденіс дәлдігі, ізденіс/беру дәлдігінің коэффициенті (точность поиска, коэффициент точности поиска/выдачи; precision ratio, accuracy ratio, precision coefficient, accuracy coefficient) – ақпараттық ізденіс нәтижелерінің сандық

сипаттама. Ізденіс дәлдігі – ізденіс барысындағы релевантты құжаттарды беру санын құжаттардың (релевантты және релеванты емес) жалпы санына бөлінуі арқылы анықтауға болады. Бұл көрсеткіш АІЖ сапасын бағалау кезінде де қолданылады.

Ақпараттық бөгеуіл коэффициенті, бөгеуіл коэффициенті (коэффициент информационного шума, коэффициент шума; noise, noise ratio, noise coefficient) – ақпараттық ізденісінің сандық сипаттамасы. Ақпараттық бөгеуіл (АБ) ізденіс барысындағы релевантты емес құжаттарды беру санын құжаттардың (релевантты және релеванты емес) жалпы санына бөлінуі арқылы анықтауға болады, ол пайыз түрінде есептеледі. $AB = 100\%$, ал $IT=0$. Бұл да көрсеткіш АІЖ сапасын бағалау кезінде де қолданылады.

Ізденіс толықтығы, ізденіс толықтығының коэффициенті (полнота поиска, коэффициент полноты поиска; recall, recall ratio, recall coefficient) - ақпараттық ізденісінің сандық сипаттамасы. АІЖ бар (берілген және берілмеген) құжаттарынан ізденіс барысындағы релевантты құжаттарды беру санын релевантты құжаттардың жалпы санына бөлінуі арқылы анықтауға болады. Бұл да көрсеткіш АІЖ сапасын бағалау кезінде де қолданылады.

Шығын коэффициенті (ШК) (коэффициент потерь; losses coefficient) - ақпараттық ізденісінің сандық сипаттамасы. ШК релевантты құжаттарды ізденіс кезінде берілмеген құжаттар санын құжаттардың жалпы санына бөлінуі арқылы анықтауға болады. $ШК=100\%$ - бұл ізденіс толықтығын көрсетеді. Бұл да көрсеткіш АІЖ сапасын бағалау кезінде де қолданылады.

Ізденіс жеделділігі (оперативность (время) поиска; seek time) – тапсырысты құру және ізденісті бастауына берілетін командасынан бастап нәтижелерді алуға дейінгі ауқыт.

Ізденісті қорытындылаушы үрдістер

Сұрыптау (отбор; selection) – ізденіс барысында кейбір нышандарын ескеріліп немесе ескерілмеген құжаттар мен деректердің шағын ауықымынан сұрыптау үрдісі. Сұрыптау ақпараттық ізденісінің бөлігі ретінде немесе жеке әрекет ретінде іс жүзіне асырылуы мүмкін. Адам қатысу дәрежесіне байланысты автоматтандырылған және мәшинелік немесе қолма-қол сұрыптау түрлері кездеседі.

Ақпаратты беру/шығыс (выдача/выход информации; information output) – автоматтандырылған жүйелерде – бұл монитордың бетіне құжаттар немесе деректерлерді шығару үрдісі немесе қағаз түрінде принтер/плоттерге шығару үрдісі немесе тасымалдауыштарына көшірме түрінде жасалған амал.

Бейнелеу (отображение; display, imaging, mapping) – а) деректерді визуалды ұсыну үрдісі, мысалы, монитормда; ә) екі жиынтық элементерінің арасында үйлесімділігін айқындау; б) екі құрылымның арасында үйлесімділігін орнату; в) мәні мен басқа жиынтықтың шамасына белгілі бір үйлесімділігілері бар мағыналар жиынтық.

Тапсырма

1. Оқытушы бірнеше сұраныстар ізденіс бейнелерін ұсынады. Оларды ұсынылатын құжаттар жүйесінің библиографиялық сипаттамасымен салыстырыңыздар. Сұраныс ізденісінің бейнелер тізімі: көру (зрение), есту

(слух), құқық (право), бейнеақпарат (видеоинформация), бейнелеу (отображение), материал.

2. Төменде берілген мақал-мәтелдерін жалғастырыңыздар.

- а) Асқар таудай алып бол,
- ә) Аяз әллінді біл,
- б) Ақылды қыз —
- в) Апасы киген сәукелені
- г) Кітап алтын сандық:
- д) Кітап - ... , Білім -
- е) Қойшы көп болса,
- и) Екі қошқардың басы
- к) Дос — ... , жолдас —
- л) Азаматпен дос бол,
- м) Әуелгі байлық — ..., Екінші байлық — ..., Үшінші байлық —
- н) Денсаулық —
- о) Алтын алма,
- п) Білетінің бір тоғыз,
- р) Білмесең үндеме,
- с) Әділін айтсаң —
- т) Адамның жүзі

Қандай электронды кітапханадан немесе электрондық каталогтен ақпараттардың көзін табасыздар. Ізденістерді қалай жүргізесіздер?

3. Дәстүрлі және электронды каталог бойынша басылымдардың шифрін көрсетіңіз:

- а) Сергеева Ю.С. Библиотечное дело и библиотековедение.-М.:Приор-издат.-2006.-176 с.
- ә) Русско-казахский словарь. 10000 слов.-Алматы:Дайк-Пресс.-2001.-184 с.
- б) Галеева Н.С. Интернет как инструмент библиографического поиска.-СПб.:Профессия. 2007.-248 с.
- в) Справочник библиографа./ Науч.ред.А.Н.Ванеев, В.А.Минкина.-СПб.:Профессия. 2006.- 582 с.
- г) Электронные документы: создание и использование в публичных библиотеках. – СПб. : Профессия, 2008.

4. Жүйелі каталогтің қайсы бөлімінде Желтоқсан оқиғаларына байланысты әдебиеттер жинақталынады?

5. «ИРБИС» жүйесі бойынша анықтаңыздар: кітапханада қанша кітаптар компьютерлік графика туралы бар екендігін. Олардың ішінде қаншасы 2004 жылы шыққанын.

6. Бишимбаев В.К. У истоков будущего атты мақала қашан, қай жерде басылып шықты. Журнал, журнал нөмірі, шыққан жылы, қанша беттен тұрады.

7. Ванеев А.Н. автордың қанша кітабы біздің кітапханада бар екен? Анықтаңыздар. Қалай ізденісті жүргізесіздер?

Жеке тапсырмалар

Жүйелі және электронды каталогтерінде келесі тақырыптар бойынша жеке ізденіс жүргізіңіздер: гуманитарлық және гуманитарлық емес салаларының басылымдар; мәселе-парадокс және софизм.

Қолма-қол және автоматтандырылған ізденістерін салыстырыңыздар және нәтижелеріне талдау беріңіздер.

Тақырып мазмұнын толық ашатын глоссарий құру.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес, жеке тапсырма беру.

Бақылау сұрақтары

1. Керекті ақпаратты қандай ізденіс түрінде қолайлы және тиімді?
2. Неге компьютер ақпаратты көбірек ұсынады жүйелі каталогқа қарағанда?
3. Автоматтандырылған ізденіс барысында кемшіліктері бар ма? Атап кетіңіздер.
4. Қайдай ізденіс түрін сіз артық көресіз? Неге? Дәлелдеңіз.
5. Электронды каталогтің дәстүрлі каталогтан қандай айырмашылығы бар? Атап кетіңіздер.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1 Байтингер Г. А. Этапы создания электронного каталога // Науч. и техн. б-ки. - 2005. - № 12. - С. 36-42.

2 Василенок И. И. Особенности восприятия пользователями электронных ресурсов [Электронный ресурс] // Гос. публич. научно-техн. б-ка России : [сайт]. – М., 1995-2011. - URL : <http://www.gpntb.ru/libcom8/32.doc> .

3 Вершинин М. И. Электронный каталог : проблемы и решения / М. И. Вершинин. – СПб. : Профессия, 2007. – 231 с.

4 Лукьяненко Г. Электронный каталог как поисковая система // Библиотека. - 2011. - № 1. - С. 26-31.

5 Селиванова Ю. Г. Электронный каталог: формирование и поиск / Ю. Г. Селиванова, Т. Л. Масхулия // Библ. дело. – 2004. - № 8 ; То же [Электронный ресурс]. – URL : <http://www.bibliograf.ru/issues/2004/8/32/44/110/>

6 Серова О. В. Качество услуг в электронной среде и новые сервисы // Библиосфера. - 2009. - № 1. - С. 27-32.

7 Скарук Г. А. Пользователь у каталога : результаты социологического исследования // Науч. и техн. б-ки. - 2009. - № 6. - С. 5-18.

8 Создание электронных каталогов [Электронный ресурс] // Электронная б-ка от проекта до реализации : [сайт]. – СПб., [2011]. - URL : http://elibconsult.ru/page.jsp?pk=node_1279181939130.

9 Сукиасян Э. Р. Электронные каталоги. Пять лет спустя // Каталогизация и классификация. Электронные каталоги и автоматизированные библиотечные системы: избранные статьи / Э. Р. Сукиасян. - СПб., 2010. - С. 466-473.

№ 7 семинар сабағының тақырыбы: «Электронды кітапханалардың ақпараттық қолжетілімі мен қолдану: қолданушылар және электронды кітапханалардың қызметі»

Сабақтың мақсаты – Электронды кітапханалардың қолжетілімін түсіндіру және оны қамтамасыз ету амалдарына үйрету.

Сабақтың міндеті – электронды кітапханамен жұмыс істеуін үйрету.

Сабақтың түрі – шығармашылық, рөлдік сұқбаттасу

Бақылау түрі – зерттемелік, талдау.

Қарастырылатын мәселелер: Электронды кітапханалардың (ЭК) ақпараттық қолжетілімі. ЭК қолдану. ЭК қызметі. ЭК және қолданушылар.

Теориялық материал

2003 жылы Женевада ақпараттық қоғамдастық мәселелері бойынша әлемдік саммит өтті. Саммитқа қатысушылар ақпараттанудың әлемдік үрдістерінде кітапханалардың маңызды рөлін атап кетті. Саммит негізгі қарастырған мәселесі – ақпараттың даму стратегиясының ашық қолжетілімі. Қарастырылған негізгі мәселесі – кітапхананың ақпараттарының электронды тасымалдағыштарына көпшілік және тегін қолжетілім қамтасыз етуі.

Ерекше көңіл халықтың, әлеуметті қорғалмаған топтар, зейнеткерлер, балалар мен мүгедектердің ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыру мәселері қарастырылды. Сондықтан, кітапхана – қоғамдық игілігіне жатадына бәріміздің көзіміз жетеді. Демек, кітапханаға инновациялық рөлі жүктелінеді, ол азаматтық белсенділігін дамуына мүмкіндік туғызады.

Сондықтан, 21 ғасырда кітапхана – азаматтардың ақпаратқа қолжетілімінің құқығынын негізгі кепілгері ретінде болады.

Ашық қолжетілім сұрақтарының жаңа мәселесі – сандық лицензиялауында және электронды файлдарымен алмасуын шектетпеу. Ол маңыздылығының себебі күнделікте ақпараттарды ізденіс барысында дектер қорлары, электронды кітапхана мен электронды каталогіне жүгенеміз.

Ақпараттық теңсіздігінің бес сипаттамасын атап кетуге болады:

1) физикалық қолжетілім, демек бағдарламалық қамту және құрылғыларын қолдану мүмкіндіктері;

2) қаржылық қолжетілім, демек кітапхананың қызметтерін төлеу мүмкіндігі;

3) Когнитивті қолжетілім, интеллектуалды мүмкіндігі мен білім дайындығы мен біліктігі;

4) Мағыналы ақпаратқа қолжетілім.

5) Саяси қолжетілім, демек саяси үрдістеріне халықтың әсер тігізу мүмкіндігі және қоғамдық қызметтерін үлестіру үрдісі.

Кітапхананың электронды кітапханасына қолжетілімін қамту қызмет көрсетунің ең тиімді түріне жатады. Себебі дәстүрлі ізденіс қызметі мен әрекеттерімен салыстырғанда ізденіс ауқыты үнемделінеді, ізденіс жеделділігі жоғарлайды, қызмет сапасы да жоғары болады.

Электронды кітапханаға қолжетілім жалпы автоматтандырылған кітапханалық жүйесінің оқырманның автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО,

орысша – АРМ) арқылы немесе «Каталогизатор» АЖО арқылы іс жүзіне асырылады. Және де жеке компьютер арқылы да әрекетті амалдауға болады. Электронды кітапхана, электронды каталог автономды немесе қатты диск, CD дискілеріне көшірілген де болуы мүмкін.

Соңғы жылдары кең тараған түрінің бірі – онлайн қолжетілімі, демек ғаламтор немесе интранет арқылы.

Тапсырмалар

1. Қандай электронды кітапханаларына толық тегін, жартылай тегін, ақылы, жартылай ақылы қолжетілімі орнатылған. Сол кітапханаларды атап кетіңіздер.
2. Электронды кітапхана қолжетілімінің құқықтық негіздерін атап кетіңіздер. Қайдай Заң бойынша ол сүйемелделінеді?
3. Ұлттық, халықаралық деңгейіндегі тегін қолжетілім туралы кітапхана саласындағы стандарттар, ережелерін келтіріңіздер.
4. Электронды кітапхананы қолданушыларымен сұқбаттық сценарийін құрыңыздар.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау.Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1. «Электронды кітапхана» ұғымына түсініктеме беріңіздер.
2. Электронды кітапхананың даму кезеңдерін атап кетіңіздер.
3. Ақпараттық қолжетілім деген не?
4. Тегін қолжетілім деген не?
5. Ақпараттық қолжетілімінің құқықтық негіздері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1 А. Б. Антопольский, Т. С. Маркарова, Е. А. Данилина Правовые и технологические проблемы создания и функционирования электронных библиотек. — М.: ИНИЦ «Патент», 2008. — С. 207. — ISBN 978-5-89513-119-0

2 Управление правами в области цифровой информации: практическое руководство: сб.ст = Managing Digital Rights a practitioner's guide / под ред. Поля Педли (Paule Pedly); пер. с англ. А.И.Земскова. — М.: Издательство "Омега-Л", 2008. — 204 с.

№ 8 сабағының тақырыбы: «Электрондық ресурстарын сақтау»

Сабақтың мақсаты — электрондық ресурстарын сақтау әдістеріне үйрету.

Сабақтың міндеті — электрондық ресурстарын сақтау әдістерін толық меңгеру және келешек қызметінде кең қолдану.

Сабақтың түрі — аналитикалық.

Бақылау түрі — ауызша, сұрақтарға жауап беру.

Қарастырылатын мәселелер:

Электрондық ақпаратының ұғымдық аппараты. ЭА көлемі, сақтау технологиялары мен әдістері. ЭА сақтау мақсаттары мен міндеті. Электронды ресурстарының өсу себептері. ЭА сақтауының отандық және шетелдік мәселелері, ұйымдастыру шаралары.

Теориялық материал

Электронды ақпараттарының көлемі дәстүрлі тасымалдауыштарында соңғы жылдары едәуір өсінкі болып кетті. Мысалы, в 2012 жылы әлемдік электронды ресурстарының жалпы көлемі 1 зетабайт (шамамен 10^{21} байт) асыпты. Сонымен, дәстүрлі ақпараттармен қатар электронды ақпараттарды болашақ ұрпақтарға маңызды өзекті түрлерінде тұрақты ұстап тұру қажет.

ЭА сақтау мақсаттары: сандық материалдары ұзақ мерзімді (мәңгілік), кейінгі қолжетілімдер мен қолдануларының ыңғайлығына бастапқы материалдарының барлық мағыналық және функционалдық сипаттамаларын, ізденіс мүмкіндіктерін, презентациялар мен талдау берулерін қолжетілімін қамту.

Электронды ресурстарының көлемдерінің өсу себептері:

- контенттерді құрушы мен сақтаушылардың саны ұлғайды;
- контенттердің түрлері мен типтері әртүрлі және әркелкі болып келе жатыр;
- аудиовизуалды технологияларының арқасында мәдени мұраның жаңа түрлері (аудио-, бейнежазулар, фильмдер және т.б.) пайда болды;
- жоғары жылдамдығы бар үлкен көлемді ақпараттарды тиркеуіне арналған физикалық қондырғалар пайда болды;
- көбінесе ақпараттар бірден сандық түрінде шығарылынады;
- деректер жартылай автоматты немесе толық автоматтандырылған тәртібінде құрылады;
- ақпараттарды сақтау тәсілдеріне және де коммуникациялар дамуына да байланысты;
- сақтау мекемелері – зерде институттары (мұражайлар, мұрағаттар, ақпараттық орталықтар және т.б.) түрленуіне де байланысты.

Сақтау мәселесі қосымша күш және күрделі қаржы жұмсауын талап етеді. Сақтау мәселесі әлемнің бәрін мазалайды: дамыған және дамышу елдерді; дәстүрлі зерде институттарын – кітапханалар, мұрағаттар мен мұражайларын; жаңа құрылымдар соңын ішінде коммерциялық; жалпы азаматтарды.

Қазақстан басқа дамыған елдерден кейін «электронды дәуіріне» еніп ақпараттық қоғамды құруына бет алды. Сондықтан, ҚР алдында да ерекше мәселелер тұындады:

- ақпараттар қорларды жинақтауыштар мен сақтауштардың ақпараттар көлемі өсуіне және пайда болып жатқан мәселелеріне төменгі жауапкершілігі, көбінше сол мекемелерінің қызметкерлері электрондық ақпараттар жоғалуына жауаптылықты көтермейді;
- көбінше ақпарат құрастырушылар «міндетті дана» заңын ұқыптамайды, әсіресе ауыспалы тасымалдағыштарындағы;
- міндетті дана заңы желілік ресурстарына тарамайды;

- сондықтан, әлеуметтік-мәдени мағынасы бар электронды ақпараттарды қалыптастырып сақтауын ескермейді.

Электронды ақпараттарды сақтауы «Ақпараттандыру туралы» Заңымен тағайындалған, онда ескерілген:

- жедел және ұзақ мерзімді электронды ақпараттарды сақтау;
- сандық ақпараттарының жоғалу қауіпті жағдайлары;
- сақтау түрлері және меншік құқығы.

Сандық ақпараттарды сақтау келесі түрлеріне бөлінеді:

- жедел, демек құрастыру және қолдану барысында сақтау «бастапқы пішімінде»;
- ұзақ мерзімге, демек жаңа бір келкі пішімдеріне және технологиялық тұғырнамаларына өту.

Сандық нысандарын сақтау әдістері:

- жаңарту: тасымалдағыштарға сақтау;
- репликация: сандық материалдарының бір немесе бірнеше толық көшірмелерін (клондарын) құру;
- эмуляция: бастапқы материалдың бейнесін барлық функционалды қасиеттерін сақтауымен басқа тасымалдағыштарда құру;
- инкапсуляция: топтастыру әдіснамасы, демек сандық нысанын барлық керекті қамтуларымен топтастырып орналастыру;
- миграция: бастапқы сандық материалды жаңа технологиялық ортаға ауыстыру;
- веб-мұрағаттау, демек белгілі бағдарлама-роботтарының көмегімен желі сегментін мұрағаттау.

Электронды ақпаратты құру және қолдану барысында сақтауының ұйымдастыру шаралары:

- ЭА сақтауының іс-шараларын жоспарлау;
- жауапты қызметкерді тағайындау;
- оқыс жағдайында әрекеттері мен сақтау реттемесін құру және ендіру;
- әдіснамаларын және реттемелерін орындауын қадағалау және әкімшілік бақылау.

ЭА ұзақ мерзіміне сақтау алдын-ала ескеруін керек:

- технологиялар, техника, пішімдер, тасымалдағыштар, ауыстыру маңыздылығы мен мерзімділігін таңдау ұсыныстарын дайындау;
- қорғау, күзет және өрт қауіпсіздік дабыл, өрт сөндіруінің замандас техникалық құралдар;
- сенімді электржабдықтау;
- қызмет бабындағы міндеттеріне байланысты қызметкерлерді қолжетілімін шектеу;
- керекті физикалық және ауа райының сақтау шарттары;
- технологиялық кезеңдерін (сақтау, қолжетілім, ауыстыру, жаңадан жазу және т.б.) ұйымдастыруына техникалық құрал-жабдықтар және бағдарламалы қамтулар;
- білікті мамандар;
- жоба құжаттамалары.

Тапсырмалар

1. Электронды түрінде библиографиялық сипаттама, библиографиялық жазба, ақпараттық-библиографиялық құрал, ұсынушы тізім, кітапхана бойынша сілтеуіш және т.б. контенттер құрыңыздар.
2. Электронды ақпаратының көлемін анықтау.
3. Сізге белгілі әдіс және технологиямен сол файлды сақтаңыз.
4. Бірше көшірме, мұрағаттар, пішімдерін өзгертіп, жаңартып, репликация, эмуляция, инкапсуляция амалдарын орындап сақтаңыздар.
5. Жаңадан кездескен ұғымдарына глоссарий құрыңыздар.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максимальдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау.

Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1. «Сақтау» және «Мәліметтерді сақтау» ұғымдарына түсініктемелер беріңіздер.
2. Мұрағат дегеніміз не? Деректер мұрағаттарын сіз білесіздер? Не үшін ол керек?
3. Сақтық көшірмелер мен мұрағаттар қандай мақсатымен жасалынады?
4. Ақпараттық қоймалар дегеніміз не? Мысалдар келтіріңіздер.

Ұсынылатын әдебиеттер

- 1 Абдеев Р.Ф. Философия информационной цивилизации. - М.: ВЛАДОС, 1994. - 336 с.
- 2 Анохин П.К. Философские аспекты теории функциональной системы. Избр. труды. М.: Наука, 1978, 400с.
- 3 Бевзенко Л.Д. Социальная самоорганизация. Киев: Институт социологии НАНУ, 2002 - 436с.
- 4 Веряев А.А. Семиотический подход к образованию в информационном обществе 13.00.01 - общая педагогика АВТОРЕФЕРАТ диссертации на соискание учёной степени доктора педагогических наук Барнаул 2000.
- 5 Вигнер Э.П. Инвариантность и законы сохранения. Этюды о симметрии. М.: Едиториал УРСС, 2002, 320с.
- 6 Воронин В.Н. Интеграция эвристического и технологического подходов в проектировании дидактических комплексов в ВУЗе. Автореферат диссертации на соискание учёной степени доктора педагогических наук, Казань 1999.
- 7 Гулидов А.И., Наберухин Ю.И. Диалектика необходимого – случайного в свете концепции динамического хаоса // Философия науки. – 2001. – № 1 (9). – С. 33–46.
- 8 Иваницкий А.М. Сознание и мозг в мире науки, ноябрь 2005 № 11.
- 9 Капица С.П., Курдюмов С.П. и Малинецкий Г.Г. «Синергетика: прогнозы будущего». - М.: «Наука», 1997. - 300с.

№ 9 сабағының тақырыбы: «Ең ірі ашық электронды кітапханаларын талдау және бағалау»

Сабақтың мақсаты – еі ірі ашық электронды кітапханаларын талдау мен бағалау әдістеріне үйрету.

Сабақтың міндеті – электронды кітапханаларының деректер қорларын мазмұндау, талдау мен бағалауын меңгеру.

Сабақтың түрі - зерттемелік, шығармашылық

Бақылау түрі – жауаптардың маңыздылығына баға қою

Қарастырылатын мәселелер:

Ашық кітапхана ұғымы. Ірі ашық кітапхана ұғымы. Қор көлемдері. ЭК талдау әдістері. ЭК бағалау көрсеткіштері мен сипаттамалары. ЭК бағалау әдістері.

Теориялық материал:

Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана – Мемлекеттік электронды кітапханалық қор

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мемлекеттік электронды кітапханалық қорды құру» жобасы «2007-2009 жылдарға арналған ақпараттық теңсіздікті төмендету» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.

Жобаны жүзеге асыратын база – Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы (ҚРҰАК).

Мақсаты: Жобаны жүзеге асыру барысында МЭКҚ-ҚазҰЭК автоматтандырылған ақпараттық кітапханалық жаңа жүйесі әрі қолжеткізу нүктесі ретіндегі порталдың, электронды сақтау қоймасының технологиялық платформасы әзірленеді. Ақпараттық жүйе әлемдік кітапханалық каталогке ықпалдасу мен өзара іс-қимыл есебіне, халықаралық кітапханалық стандарттарға сәйкес, сондай-ақ келешектегі Қазақстандық бірегей ақпараттық кітапханалық желіге арналған база ретінде қолдану үшін әзірленеді.

Мемлекеттік электронды кітапханалық қор каталогы мен депозитарлық әрі пайдаланушылар қоры арқылы кітаптардың электронды көшірмелерінің Бірегей электронды сақтау қоймасын құру. Электронды сақтау қоймасына ену ҚазҰЭК порталы арқылы келесі мекен-жай бойынша жүзеге асырылады www.kazneb.kz. Портал әр түрлі режимдегі Интернет арналарының электронды каталогы арқылы электронды сақтау қоймасына ену мен электронды тапсырыс не толық мәтін бойынша электронды құжаттардың көшірмелеріне қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етуі тиіс.

Кітаптардың электронды көшірмелерінің коллекциясы еліміздегі көптеген кітапханалар қорлары есебінен толықтырылуда, соның ішінде: Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасы, Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» Ғылыми Орталығы, Президенттік Мәдениет Орталығы кітапханасы, облыстық кітапханалар, жоғары оқу орындарының кітапханалары және жеке авторлар тарапынан: танымал ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері. ҚазҰЭК электронды

сақтау қоймасына келіп түскен басылымдардың қомақтысы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жарық көрген кітаптар болды.

«Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана» жобасын жүзеге асыруымен ҚР ҰАК-сы сандық кітапхананың жаңа моделін құрады, ол электронды ақпараттармен жұмыс жасайды, әр түрлі электронды сервистер ұсынады және жаңа компьютерлік технологиялар енгізеді.



ҚРҰАК-ның тұңғыш Бас директоры тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР еңбегі сіңген қайраткері, ҚР Кітапханашылар Ассоциациясының Президенті Бердіғалиева Роза Аманғалиқызы болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы 1934 жылы университет ашылысымен жұмыс істей бастады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы – студенттер мен магистранттар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қосымша оқытушы персоналдарға арналған мәдени және рухани орталық болып табылады. Ғылыми кітапхана қорында оқулықтар, монографиялар, классикалық көркем әдебиеттер, сирек кітаптар мен 16-19 ғасырлардағы қолжазбалар, 250 мың данадан астам мерзімді басылымдар жинақталған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы – бүгінгі таңда Қазақстандағы ең көне әрі ҚР бойынша ең ірі жоғары оқу орындары кітапханаларының бірі болып табылады. Кітап қорында 2 млн. астам басылымдар сақталған. Жыл сайын 50-60 мың данадан астам басылымдармен толықтырылады. Оқырмандар – 20 мыңнан астам адамды қамтиды, бұл – тек студенттер ғана емес, сонымен бірге, оқытушы –профессорлар құрамы, ғылыми қызметкерлер, қосымша оқытушы персоналдар мен университеттің басқа да категорияларындағы қызметкерлер

Ғылыми кітапхана ХХІ ғасыр сұраныстарына жауап береді. Бүгінгі таңда мұнда қоғамдағы кітапхананың мәртебесін көтеріп, оны нағыз ақпарат және мәдениет орталығына айналдырушы, қазіргі заманға лайықты жаңа жобалар туындап, жүзеге асырылады.

Ғылыми кітапхананың міндеті – студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамын Отандық және әлемдік ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету, дәстүрлі және электрондық түрде. Университеттің білім беру ісі мен оқу процесіне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына тұрақты түрде қолдау көрсетіп, көмектесіп отырады. Жеке тұлғалардың рухани дамуына, оларды патриоттық, достық сезім және халықтар арасында өзара келісім мен үйлесімділік орнатуға тәрбиелейді.

Корпоративтік бірлестіктер

Қазақстандық:

Қазақстан Республикасы Кітапханалар Ассоциациясы – 1997жылғы ҚР Заңнамаларына сәйкес тіркелген. Кітапхана және жалпы кітапхана ісіне кәсіби тұрғыда қызығатын мекемелер мен жеке адамдарды ерікті түрде біріктіреді.

Корпоративті каталогтаудың қазақстандық орталығы – 2002жылы ҚРҰлттық кітапханасы жанында ашылды. Орталық ашылған күнен бастап игі істерден тәжірибе жинақтай отырып, қазірде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Біріккен электронды «Қазақстандық» каталогы құрылып (БЭЛК), оған 400 мыңдай жазба сипаттамалар түсті.

Қазақстан Кітапханаларының ақпараттық консорциумы – жалпықазақстандық коммерциялық емес кітапханалардың басқа ұйымдар және мекемелермен ерікті бірлестігі. Мақсаты – пайдаланушыларды Интернет жүйесі, телекоммуникация байланысы және компьютерлік технология арқылы Қазақстандағы және шет елдердегі интегралды ақпараттық ресурстарға еркін түрде, теңқұқылы қолжетімділігіне ықпал жасау.

Қазақстан кітапханашылары.

Шығыс Қазақстан кітапханашылар ассоциациясы – тұрғындарға кітапханалық-ақпараттық қызметті тиімді жүргізу, аймақтық кітапханашылар біліктілігін көтеру. Басты мақсаты – жаңа инновациялық технология жетістіктерін кітапхана ісіне енгізу, кітапханашылардың шығармашылық ізденістер шабытын шыңдау және кәсіби көзқарастарын қорғау.

Ресейлік:

Аймақтық кітапханалық консорциумдар ассоциациясы (АБРИКОН) - ресей кітапханаларының және ақпараттық орталықтар мүшелерінің ерікті түрде біріккен коммерциялық емес серіктестік бірлестігі. Ол (АБРИКОН)- 2002 жылы 18 мамырда тіркелген. Мақсаты - кітапханалық консорциумдарға біріккен кітапханалар қызметін үйлестіруге бағыт беру, кітапхана ресурстарын модернизациялай отырып, қолайлы жоғары сапада басқаруға қол жеткіздіру.

Ресейлік ақпаратты-кітапханалық консорциум – Ресейдің бес ірі кітапханаларындағы, атап айтқанда: ВГБИЛ, НБ МГУ, ПБ, РГБ, РНБ электронды каталогтарынан толық мәтінді ресурстар мен библиографиялық мәліметтердің кең түрде іздеп табуға мүмкіндік беретін портал.

Ұлттық ақпараттық- кітапханалық орталық «ЛИБНЕТ» - 2011жылы сәуірде Ресей Федерациясының Мәдениет Министрлігінің қолдауымен екі Ресей мемлекеттік және Ресей Ұлттық кітапханалары негізінде автономды коммерциялық емес ұйым болып құрылған.

Пайдаланушылар және электронды кітапханалар мен жаңа технологияны құрастырушылар ассоциациясы – заманауи технология және ақпараттық бағдарламалар жемісін электронды кітапханаға, телекоммуникациялық жүйелерге, пайдаланушыларға үйретуші және адамзат өміріне қажетті жаңа технологиялық ақпарат құралдарын зерттеуші шығармашылық қуатты топтар біріктірілген.

Ресей электронды кітапханалары – 2005 жылы Ресей мемлекеттік және басқа да ұйымдар ұсынуымен Ресей электронды кітапханалар ассоциациясы бекітілді.

Ресей кітапханалар Ассоциациясы – Ресей кітапханашыларының кәсіби ұйымы. Бағдарламалар, жобалар, конференциялар.

Орыс мектебі кітапханаларының Ассоциациясы – 60 мыңнан астам мектеп кітапханаларының көзқарастарын біріктіретін Ресейдегі ең үлкен кітапханалар желісі.

Ақпараттық-анықтамалылық портал – бұл бөлімде 2403 ресей кітапханалары мен ведомстволық ұйымдар сайттарының мекен-жайлары каталогы жасақталған. Жақын шет елдерден әртүрлі кітапханалардың 265 сайты, ал алыс шет елдерден 134 ұлттық, 285 көпшілік кітапханалар сайттары енген. Алдағы уақытта аталмыш каталогтар мазмұны көпшілік кітапханалар сайттарының мәліметтерімен толықтырылады. Қазіргі қолданылып жүрген каталогтар құрамын ресми және профильді серверлер, корпоративтік байланыстағы кітапханалар жүйесі мен орталықтары және кітапханалар ассоциациялары мен ұйымдастыру серіктестер құрайды.

Тапсырмалар

1. Электронды кітапханаларды электронды қорына қарай сұрыптаңыздар.
2. Электронды кітапханаларында ізденіс амалдарын жүргіңіздер. Іздеу тапсырмаларын оқытушымен беріледі жеке әр студентке.

Жеке тапсырма

10 ірі электронды кітапханаларымен танысып, талдап оларға баға беріңіздер.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максимальдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1. Ашық электронды кітапхана дегеніміз не?
2. Бірінші ашық электронды кітапханалар ашылды?
3. Ашық электронды кітапханаларын толықтыру негізгі әдістерін атап кетіңіздер.
4. Тегін электронды кітапханаларының артықшылықтары мен кемшіліктерін атап кетіңіздер.
5. Ірі ашық электронды кітапханаларын атаңыздар.

Ұсынылатын әдебиеттер

1 Сборник основных российских стандартов по библиотечно-информационной деятельности. – СПб. : Профессия, 2006. – 547, [5] с. – (Серия «Библиотека»).

2 Федоров, В. Стратегия развития электронных библиотек России [Текст] / В. Федоров, А. Антопольский // Информ. ресурсы России. – 2007. – № 2. – С. 5-9.

3 Шаталова, Н. В. Краеведческая электронная продукция библиотек, архивов и музеев [Текст] : практ. рук. / Н. В. Шаталова ; Тамб. гос. ун-т

им. Г. Р. Державина. – Тамбов : Першина, 2005. – 95 с. : ил.

4 Шаталова, Н. В. Краеведческая электронная продукция библиотек, архивов и музеев [Электронный ресурс] : практ. рук. / Н. В. Шаталова ; Тамб. гос. ун-т им. Г. Р. Державина. – Электрон. текстовые, граф. дан. (5,63 Мб). – Тамбов : ТГУ им. Г. Р. Державина, 2006. – 1 электрон. опт. диск (CD-ROM) : цв. ; 8 см. – Загл. с экрана.

5 Электронные библиотеки России: портал Рос. ассоц. электрон. б-к (НП ЭЛБИ) / Некоммер. партнерство «Электрон. б-ки». – Электрон. дан. – СПб. : ПРИОР Северо-Запад, 2005- . – Режим доступа: <http://elibra.ru/>, свободный. – Загл. с экрана.

№ 10 сабағының тақырыбы: «Интернетте әр түрлі ЭК танысу»

Сабақтың мақсаты – ғаламтор желісінде әртүрлі электронды кітапханаларымен танысу

Сабақтың міндеті – электронды кітапхана мен электронды каталогімен жұмыс істеу дағдылану.


Сабақтың түрі – танысу, ақпараттық ізденіс амалдарын жүргізу.

Бақылау түрі – ауызша, ақпараттық ізденіс жасау, нәтижелерін талдау.

Қарастырылатын мәселелер: Интернет. Ғаламтор желісіндегі ЭК. Олардың электронды мекен-жайлары.

Теориялық материал:

Әлемде ең ірі кітапхана – Вашингтондағы Конгресс Кітапханасы (электронды мекен-жайы - <http://www.loc.gov>):



Кітапханасында 75 млн. Атаулары бар кітаптар, суреттер, жазбалар, музыкалық композициялар. Кітапхана 1800 жылы 5 мың доллар құны бар кітаптарымен ашылыпты.

Ресей Федерациясында ең ірі кітапханасы – Мәскеу қаласында орналасқан Ресей мемлекеттік кітапхана (бұрын Ленин атындағы Кітапхана). Ол Румянцев

мұражайдың негізінде 1828 жылы құрылған кітапхана, биыл 185 жылдық мерейтойы.

Әлемде ең ірі электрондық кітапхана – Дүниежүзілік сандық кітапханасы есептелінеді. Оның ашулуы 21 сәуір 2009 жылы салтанатты түрде ашылды. Оның ұйымдастырушы АҚШ Конгресінің кітапханасы болды. Халықаралық жобаның қатысушылары ретінде әлемдегі елдердің ұлттық кітап қорлары. Солардың арқасында миллиондаған адамдар тегін қолжетілім мүмкіндіктері мәдениет қазыналары мен мұрағаттарына болды. Дүниежүзілік сандық кітапханасының электрондық мекен-жайы - <http://www.wdl.org/ru/>:




Қазақстан Республикасындағы ең ірі электрондық кітапханалар:

1. Қазақстандық Ұлттық Электронды Кітапхана - www.kazneb.kz



2. Ресей-Қазақстандық мегажоба «Встречи на границах» ҚР Ұлттық кітапхана - <http://www.nlrk.kz/data11/>



3. Сәбит Мұқанов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы - www.nklibrary.kz



4. Аманжолов С. Атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университет - <http://library.vkgu.kz>



Тапсырмалар:

3. Қазақстандық, ресейлік, әлемдік ірі кітапханаларының электронды кітапханаларының қор көлемін, сан және сапалы жағынан анықтап салыстырыңыздар.

4. Дүниежүзілік электронды кітапханаларының электронды мекен-жайларын ғаламтор желісінің ізденіс жүйелері арқылы анықтаңыздар. Олардың бастапқы беттерін келтіріңіздер.

5. Электронды кітапханаларын гуманитарлы және гуманитарлы емес түрлеріне сұрыптаңыз.

6. Электронды кітапханалар бойынша библиографиялық ізденіс жүргізіңіздер.

Жеке тапсырмалар:

Жоғары оқу орындарының электронды кітапханаларымен таңысыңыздар, талдап бағалаңыздар.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 2. Максималдық балл- 5.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру, сценарий құру.

Бақылау сұрақтары

1. Кітапханалардың электрондық ресурстар құрылымында ЭК алатын орны?
2. Немен Электрондық кітапханаларының Қазақстандық ассоциациясы шұғылданады?
3. Қандай электронды кітапханаларының әріптестіктерін білесіздер?
4. Қалай ЭК басқа жобалармен әрекеттеседі?
5. ЭК ақпараттық технологияларының даму кезеңі ретінде.

Ұсынылатын әдебиеттер

- 1 Антопольский, А. Б. Информационные ресурсы России / А. Б. Антопольский. – М. : Либерей, 2004.
- 2 Армс, В. Электронные библиотеки: учеб. пособие для обучающихся в вузах по курсам «Информатика» и «Информационные системы» : пер. с англ. / В. Армс. – М. : ПИК ВИНТИ, 2001. – 274 с. : ил.
- 3 Вислый, А. Электронные библиотеки России. Проблемы формирования и использования/ А. Вислый // Науч. и техн. б-ки. – 2002. – № 3. – С. 18-26.
- 4 Воройский, Ф. С. Основы проектирования автоматизированных библиотечно-информационных систем/ Ф. С. Воройский. – М. : ФИЗМАТЛИТ, 2002. – 383 с.
- 5 Горный, Е. Развитие электронных библиотек: мировой и российский опыт, проблемы, перспективы/ Е. Горный, К. Вигурский // Интернет и российское общество. – М., 2002. – С. 158-188.

№ 11 сабағының тақырыбы: «Шетел кітапханаларындағы электронды кітапханалар»

Сабақтың мақсаты – шетел елдерінің электронды кітапханаларымен таныстыру.

Сабақтың міндеті – электронды кітапханаларының ізденіс жүйелерімен жұмыс істеуін үйрету.

Сабақтың түрі – шығармашылық.

Бақылау түрі – қатысушылардың интеллектуалды потенциалдарын бағалау

Қарастырылатын мәселелер: Шетел кітапханаларының электронды кітапханалар. Электронды кітапхананың ақпараттық ізденіс жүйесі. АІЖ ізденіс қасиеттері.

Теориялық материал

Қазақстанда ағымдағы жылдың 8 айында Қазақ Ұлттық электронды кітапханасының ішкі қаралымын 74 елдің 80 мың адамы тамашалаған, деп Мәдениет және ақпарат министрлігі сараптау және стратегиялық жоспарлау департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

«2013 жылы ҚҰЭК 74 елдің 80 адамы тамашалаған. Қазақ Ұлттық электронды кітапханасын тамашалағандардың жалпы саны 122 449 адамды құрады», - деп департамент хабарламасында нақтыланған.

Айта кетейік, Қазақ Ұлттық электронды кітапханасы – «Мемлекетті электрондық кітапхана қорының қалыптасуы» аясындағы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің жобасы.

Оған қоса кітапхана ақпараттық жүйені құрастыруда шетелдік тәжірибені қолдануы тиіс. Шетелдік тәжірибені қолдану Қазақстанда біріңғай электронды ақпараттық кітапхана жүйесін құрастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жоба мемлекетті электронды кітапхана қоры мен Біріңғай электронды кітаптар қорын жасауға әрекет етеді.

Енді ең ірі шетелдік кітапханаларды атап кетейік:

АҚШ Конгресінің электронды кітапханасы. Электронды қоры 12 миллион сақтау бірлігінен тұрады. Каталогі Endeavor Information Systems компаниясының Voyager бағдарламалық өнімнің негізінде жұмыс істейді. Қор құрамында кітаптар, мерзімді басылымдар, карталар, қолжазбалар, аудиожазбалар. Жалпы көлемінен 3,2 миллион жазбалары «ескі каталогтан», демек 1898 – 1980 ж.ж. жинақталынған және карточкалы каталогтан ауыстырғандарынан тұрады. Каталогтің негізгі мәзірі ізденістің екі нұсқауынан тұрады: Basic Search және Guided Search. Guided Search - әртүрлі күрделілігі бар ізденіс ұйғарымдарынан Search Limits қосымша шектеулерін қалыптастыруға болады. Ақпараттық қажеттілігін қамтамасыз ететін кілттік сөздерін енгізіп керекті нәтижеге жетуге болады. Нәтиже кесте түрінде сипаттамалар шығарады. Белгілі сипаттаманың үстінде шерткенде толық мазмұндамасы Brief record қалқып шығады. Құжат туралы толық мәліметтер алу үшін толық жазбада Full record шертіп заттық тараулары көрінеді.

Калифорния университетінің кітапханасы. Каталогтің аты MELVYL, 20 кітапханаларынан АҚШ университеттік желілерінен алынған жиынтықтар. Бастапқы мәзірінен MELVYL Catalog тандап Power қатарын шерткенде сұраныстың кеңейтілген түрі ашылады. Ізденіс қатарына сөзді немесе сөз тіркемесін теруге болады, және қысқартылған түрінде «#» немесе «*» белгілерінің көмегімен ізденісті жүргізуге болады. Ізденіс барысында Modify Search функциясының көмегімен қасиеттерін қосуға немесе тарылтуға болады. Сервистік функциясына ізденіс нәтижелерін сақтауы жатады. Құжаттар тізімінде релевантты жазбаларын белгілеп мәтіндік файл түрінде FTP бойынша пайдаланушының компьютеріне (Download пернесі) немесе электрондық поштаның мекен-жайына (Mail пернесі) жіберуге болады.

Карнеги-Меллон университетінің CAMEO каталогі. Каталог 1996 жылдан веб-интерфейсінің арқасында жұмыс істейді. Каталог жүктелгенде Complex Search өту керек. Сұраныстың ұсынылатын мәзірі библиографиялық жазбаларынан тұрады. Операторлардың ішінде нестандартты түрінің операторы XOR бар. Бұл оператор ұғымдардың алдында қойылады. Ұғымдар оң жағынан «\$» белгі қойылу қажет. Құжаттың тілі мен басылымның дата бойынша тарылтуға болады. Шыққан библиографиялық сипатамаларында әр айқындамасы View батырмасымен қамтылады, ол жазбаны толық көлемінде көруге мүмкіндік береді. Қосымша сонымен қатар басқа да жазбаларын белгілеп содан соң баспаға немесе электронды поштаға («Print/Email» пернелер) жіберуге болады.

Гарвард университетінің Hollis каталогі. Гарвард университетінің кітапхана толық жиынтық қоры: кітаптар, қолжазбалар, микрофильмдер, карталар, суреттер, слайдтар және т.б. материалдар бейнелейді. Қорда орыс тіліндегі басылымдар кездеседі. Ізденіс жүйе кең мүмкіндіктер береді. Оптималды үндеуі Expanded Search (Кеңейтілген Ізденіс), ол булевой операторлар OR, AND және NOT көмегімен ізденіс нұсқамасын құруға болады. Сапалы жұмыс тәртібі ізденіс нәтижелерімен құрастырылған. Бұл мүмкіндік жазбаларды парақтауға, керектілерін белгілеуіне болады, олардан тізім құруға болады және оларды электрондық пошта немсе баспадан шығаруға болады. Жазбалар кеңейтілген немесе ықшамды түрлері MARC пішімінде ұсынылады, ал бұл жағдай каталогизаторға өте маңызды. Заттық тараулар және авторлары айқаспалы сілтемелері бар, ол кітаптардың толық тізімін алуға мүмкіндік береді. Жүйе ізденіс тарихын сақтайды, оған кез-келген кезде үнделеді.

Йельск университетінің Orbis, Корнель университетінің каталогі, Пристон университетінің каталогі Endeavor Information Systems компаниясының Voyager бағдарламалық қамтуының негізінде жұмыс істейді.

Британ Кітапхананың каталогі – 12 миллион сақталу бірлігінен тұрады. Каталогке кіру үшін Search the Integrated Catalogue сілтемесіне шертуге болады. Қарапайым ізденіс жүргізу үшін Basic Search интерфейсі ашылады, ал кәсіби ізденіс жүргізу үшін Advanced Search интерфейсіне өту керек. Сұраныс ұғымдары басында және соңында «?» белгісінің көмегімен жүргізуге болады. Каталогтің артықшылығы – жазбаларды орыс тілінде орындауға болады.

Тапсырмалар: Шетел кітапханалар, каталогтерінде қарапайым және кеңейтілген ізденістер жүргізіңіздер. Ізденіс қасиеттерін ескере отырып библиографиялық жазбаларын электронды түрінде бейнелеңіздер.

Жаңадан кездескен сөздеріне глоссарий үш тілінде құрыңыздар.

Бақылау сұрақтары

1. Ғаламтордағы ізденіс роботтың және каталогтің айырмашылығы.
2. Әлемдік ізденіс жүйелері.
3. Ізденіс жүйенің сапа көрсеткіштері.
4. «Жақсы» порталының артышылық белгілері.
5. Ғаламторда ізденіс барысында кілттік сөзді бас әрібінен жазылса сұранысты кеңейтеді немесе шектедеді ме?
6. Ғылым және техника салаларындағы әлемдік ғаламтор ресурстарына қолжетілім мекнг-жайлары.

Ұсынылатын әдебиеттер

- 1 Пилко И. С. Информационные и библиотечные технологии / И. С. Пилко.- СПб.: Профессия, 2006. - 342 с.
- 2 Аксак В.А. Поиск в Интернет и полезные ресурсы рунета /В. А. Аксак. - М., 2007
- 3 Байков В.Д. Интернет: поиск информации и продвижение сайтов /В.Д. Байков. - СПб.: БХВ-Санкт-Петербург, 2000.- 288 с.
- 4 Браун М. Методы поиска информации в Интернете /М. Браун. - М., 2006.
- 5 Антольский. А. Б. Электронные библиотеки: принципы создания: научно-методическое пособие / Антольский. А. Б., Майстрович. Т. В. – М.: Либерия – Бибинформ, 2007. – 288 с.
- 6 Земсков. А. И., Шрайберг. Я. Л. Электронные библиотеки: учебник для студентов вузов культуры и искусства и других вузов / А. И. Земсков, Я. Л. Шрайберг. – М.: Либерия, 2003. – 352 с.

№ 12 сабағының тақырыбы: «Қазақстан Республикасы кітапханаларындағы электронды кітапханалар»

Сабақтың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы кітапханаларының электронды кітапханаларының ізденіс жүйелері және жұмыс істеу тәртіптерімен таныстыру.

Сабақтың міндеті – ақпараттық ізденісті білікті жүргізу.

Сабақтың түрі - аналитикалық

Бақылау түрі – электронды кітапханада ізденіс амалдарын жүргізу.


Қарастырылатын мәселелер: ҚР электронды кітапханалары, Ізденіс жүйе. Ізденістің релеванттігі. Ақпараттарды сұрыптау, сақтау, тұтынушыға беру, принтерден шығару.

Теориялық материал:

Қазақстан
Республикасы
Президенті
қарамағындағы адам
құқығы
комиссиясының
сандық кітапханасы -
<http://hrc.nabrk.kz>



Қазақстандық Ұлттық электрондық кітапхана (ҚазҰЭК) -
<http://www.kazneb.kz/wps/portal>



Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана -
<http://lib.kazrena.kz>



Қазақстан Республикасының ұлттық ғылыми порталы - <http://www.nauka.kz>




Сирек кітаптардың виртуалды кітапханасы - <http://www.e-vko.gov.kz/library/Library.aspx>



Әдебиет порталы «Әдеби әлем» - <http://www.kazakhadebieti.kz>:

Интернетіміз тағы бір қазақи порталға толықты. «Әдеби әлем» деп аталған Қазақстандағы алғашқы әдебиет порталы дүниеге келді. Жасыратыны жоқ, бүгінде жазушыларымыздың не болмаса «Бес ғасыр жырлайдыдағы» жырауларымыздың қайсыбірінің шығармасын интернеттен іздеп табу қиын. Жаңа сайт қазақ интернетіндегі осынау кемшіліктің орнын толтырып, көпшіліктің көкейіндегі мәселенің түйінін шешті. «Бәрекеелді!» дейміз.


Әлемге әйгілі google іздеу жүйесінде Пушкиннің аты жеті миллионға жуық кездеседі екен. Ал Абай Құнанбаев деген есім одан 175 есеге кем. «Көршіміз Ресейден шамалы ғана есеге аз болсақ та, олардан осыншалықты сауатсыз емес едік қой» деген ой туды. Міне, сол себептен де біз осы мәселені қолға алдық», - дейді жоба авторы Шыңғыс Мұқан. Оның айтуынша, бүгінде қазақ тілінде күнделікті ақпарат ағымын былай қойғанда, көп өзгере бермейтін академиялық ақпараттарды табу да оңай емес, тапшы.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - <http://www.kaznu.kz>:



Әдебиет әлемі - <http://www.adebikz.com/>:



Электрондық кітапхана. Мұнай және газ 2007 ЭК-ның ғылыми-техникалық ақпараттық порталы - <http://www.nglib.ru>

ПОРТАЛ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ ЭБ НЕФТЬ И ГАЗ 2007 EN

ГЛАВНАЯ
ОГЛАВЛЕНИЕ
ПОИСК +
ИНФОРМАЦИЯ
БЕСПЛАТНО
ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

искать в разделе ИСКАТЬ Расширенный поиск

Раздел: Главная страница

Документов в базе: 25113

Новости

Mar 6, 2008
Открыт БЕСПЛАТНЫЙ доступ к 10 % библиотеки [Нефть и газ - Избранное](#)

Oct 29, 2007
Прошло обновление, добавлено 7,6 тыс. документов, итого 25 000 документов - 7,7 млн страниц.

Oct 4, 2007
С 4 октября заработал механизм пополнения балансов пользователей платными sms сообщениями. Пополнить баланс Вы можете на [личной странице](#).

ПАРТНЕР ПРОЕКТА
CENTRE

Возможности:

- найти, просмотреть и скачать нужные страницы книг;
- полнотекстовый поиск с выводом всей необходимой информации;
- пользование одной книгой неограниченным количеством читателей;
- возможность доступа к библиотеке с рабочего места.

Электронная библиотека содержит временные копии 25000 книг по:

- бурению и разработке нефтяных и газовых скважин;
- технологии переработки и транспорту нефти и газа, нефтехимии;
- машинам и аппаратам химических производств;
- экологии, охране труда и промышленной безопасности;
- экономике, финансам, бухгалтерскому учету;
- автоматизации, электронике, электроэнергетике, электротехнике;
- а также общим дисциплинам технического ВУЗа.

Запущен экспериментальный проект, целью которого является создание экспертной поисковой системы [ngpedia.ru](#).

Решение вопросов об авторском праве и смежных правах осуществляется в рамках законодательства РФ. В соответствии со статьями 1273, 1274, 1275 ГК, вступившего в действие с 1 января 2008 года, пользователи имеют право:

- получать копии коротких отрывков из правомерно опубликованных письменных произведений, охраняемые авторским правом, в единичном экземпляре исключительно для использования в научных и учебных целях;
- получать произведения, не являющиеся объектами авторского права или срок действия исключительного права на которые истек.

Если у Вас есть пожелания, предложения, вопросы пишите: oilibrary@mail.ru

Тапсырмалар: Жоғары көрсетілген электронды кітапханаларында АІЖ қолданып ізденістер жүргізіңіздер келесі тақырыптар бойынша:

- электронды кітапхана;
- Қазақстан Республикасындағы азамат құқығы,
- студенттердің ғылыми жұмысы,
- автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйе,
- М.О.Әуезов,
- ғылыми-зерттеу жұмыс,
- ҚР кітапхана сайттары,
- библиография,
- библиографиялық ізденіс,
- ҚР энциклопедиялары.

Бақылау сұрақтары

1. Электронды кітапхана деген не?
2. Қазақстан Республикасындағы электронды кітапханаларының тарихы.
3. Электронды кітапхана құру ережелері.
4. Тұтынушылардың электронды кітапханадағы ақпараттық қажеттіліктер.
5. Электронды кітапханада ақпараты іздеу тәртібі, сұрыптау, тұтынушыға ұсыну түрлері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1 Армс, В. Электронные библиотеки [Текст] : учеб. пособие для обучающихся в вузах по курсам «Информатика» и «Информационные системы» : пер. с англ. / В. Армс. – М. : ПИК ВИНТИ, 2001. – 274 с. : ил.

2 Горный, Е. Развитие электронных библиотек: мировой опыт, проблемы, перспективы [Текст] / Е. Горный, К. Вигурский // Интернет и российское общество. – М., 2002. – С. 158-188.

3 Земсков, А. И. Электронные библиотеки [Электронный ресурс] : интер-актив. учеб. комплекс / Земсков А. И., Шрайберг Я. Л. – Электрон. дан. – 1 электрон. опт. диск (CD). – М., 2002.

4 Электронные документы: создание и использование в публичных библиотеках. – СПб. : Профессия, 2008.

5 Байгарова, Н. С. Организация электронной библиотеки видеоматериалов. / Н. С. Байгарова, Ю. А. Бухштаб, Н. Н. Евтеева. – М., 2000.

6 Баркова, О. В. Формирование электронной библиотеки как направление развития научных коммуникаций [Электронный ресурс] / О. В. Баркова. – Электрон. дан. – Режим доступа: <http://www.nbu.gov.ua/articles/2005/05bovrah.html>.

№ 13 сабағының тақырыбы: «М.Әуезов атындағы ОҚМУ АБО электрондық ресурстарымен танысу»

Сабақтың мақсаты – М.Әуезов атындағы ОҚМУ АБО электрондық ресурстар, электронды каталог, электронды кітапханасымен танысу.

Сабақтың міндеті – Электронды ресурстарымен жұмыс істеу.

Сабақтың түрі - аналитикалық

Бақылау түрі – АІЖ жұмыс істеуін бақылау

Қарастырылатын мәселелер:

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Ақпараттық білім беру орталығы (АБО), Электрондық ресурстар, Электронды каталог, Электронды кітапхана. Университет, кітапхананың сайттары. Электронды ресурстарының АІЖ.

Теориялық материал

Ақпараттық білім беру орталығының өсуі мен дамуы университет тарихымен тығыз байланысты. Осы уақыт аралығында ол Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ЖОО арасындағы ең ірі кітапханалардың біріне айналды.

Қазіргі таңда Ақпараттық білім беру орталығының материалдық техникалық базасы заман талабына сай жабдықталып, оқытушылар мен студенттердің виртуалды семинарлар мен Интернет-конференциялар, on-line режимінде теориялық және ғылыми мәселелерді талдау, видеоконференция байланысымен телекөпір ұйымдастыру және оқу орындары арасындағы бірлескен жобаларды орындау, қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы студенттік олимпиадалар өткізу мүмкіндіктері жасалған.

Университеттің ақпараттық білім беру орталығы (кітапхана): 7 абонемент, 18 оқу (электронды, техникалық зал, құқық және экономикалық, ғылыми әдебиет, әлемдік тілдер, мерзімдік басылымдар, жатақхана оқу залдары) залдарын қамтыған.

Кітапхана қорында сирек басылымдар, диссертациялар, авторефераттар, монографиялар, көркем шығармалар бар. Кітапхана қорын 2 млн. аса кітап басылымы құрайды. Мұнда оқулықтар, ғылыми мерзімді басылымдар, техникалық, ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық, тарихи ғылым, отандық және әлемдік көркем әдебиет ақпараттары электрондық тасымалдағыштарда көрсетілген. Негізгі оқу қорларынан бөлек анықтама-библиографиялық, ресми, нормативті-құқықтық басылымдар қоры бар.


Жыл сайын кітапхана білім саласы бойынша 500-ден аса мамандандырылған, ғылыми, ғылыми-көпшілік, көркем-әдеби журналдар мен газеттерді жазып алады.

Ақпараттық білім беру орталығы Интернет ресурстарын пайдалануда ақпараттарға еркін және шексіз енуі қамтамасыз етеді. АБО компьютерлері университеттің локальді желісі WI-FI технологиясымен байланыстырылған.


АБО web-сайты (<http://lib.ukgu.kz>) кітапхананың негізгі бағыттарын, электрондық ақпараттық қызметін жарнамалау жұмыстарымен қатар АБО web-ИРБИС 64 электрондық каталогының және электрондық толық мәтінді деректер базаларының қызметін қашықтықтан пайдаланушыларға ұсынып келеді.



Электрондық ресурстарының құрамына Профессор –оқытушылар құрамының еңбектері енген:



Ұсынылатын ізденіс элементтері арқылы университеттің оқытушыларының монографиялар, мақалалар, әдістемелерін тауып көшірмесін пайдаланушы өзінің тасымалдаушына сақтаа алуға мүмкіндігі бар.



Электрондық ресурстарының тағы бір түрі Электронды мұрағат:



Электронный архив - Поиск

Автор:
 Название:
 Год:
 Дисциплина:
 Тип издания:
 Язык:
 Ключевое слово:

© 2013 ОИЦ ЮКГУ имени М.О. Ауезова

Ізденіс параметрлері: автор, атауы, құру жылы, пәннің атауы, басылымның түрі, кілттік сөзі арқылы электронды мұрағаттада тиісті электронды түріндегі құжатты айқындауға болады.

Электрондық басылымдарын рәсімдеу және дизайн жүргізу үшін бірнеше оқулықтар бар:


Электрондық басылымдар: рәсімдеу және дизайн

Арсеньев Д.А. - Оформление и дизайн электронных изданий

Демидов Д.Г. - Введение в электронные издания

Литвинова П.В. - Основные требования к верстке книжных изданий

Кітапхана сайтының бас мәзірінде Электрондық каталогін шеткенде келесі «терезе» ашылады:



Электрондық каталогінің интерфейсіне сол және оң жақтарында кеңейтілген ізденіс қасиеттер-батырмалары берілген. Сұраныстың тапсырысына байланысты кеңейтілген ізденіс жүргізуге болады.



М.Әуезов атындағы ОҚМУ АБО құрамында интернет қорлары да бар:



Тапсырма:

1. Кітапхананың электрондық ресурстарын қолданып университет құрамындағы факультеттер, кафедралардан таңдағандарына ақпараттық ізденіс келесі сұраныс бойынша: 2012-2013 оқу жылында қанша оқулықтар, әдістемелер, мақалалар шығарылынды. Сандық есеп құрып, қордың дамуын график құрып көрсетіңіздер.

2. Гуманитарлы және гуманитарлы емес профиліндегі электрондық ресурстарымен танысыңыздар.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау.

Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1 М.Әуезов атындағы ОҚМУ

2 Ақпараттық білім беру орталығы (АБО) тарихы.

3 Ақпараттық білім беру орталығының электрондық ресурстары.

4 Электронды каталогінің жұмыс істеуі.

5 Электронды кітапхана жұмыс істеуі.

6 Университет, кітапхананың сайттары.

7. Электронды ресурстарының ақпараттық ізденіс жүйері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1 Горный Е. Развитие электронных библиотек: мировой и российский опыт, проблемы, перспективы //Zhurnal.ru:вестник сетевой культуры. Москва, 2002.

2 Губанова С.А. Электронные библиотеки и полнотекстовые базы данных

[Электронный ресурс] // Тверская областная библиотека им. А.М. Горького: [сайт]. - Тверь, 2003.

3 Антопольский А.Б. Информационные ресурсы России [Текст] : научно-методическое пособие / А. Б. Антопольский. - Москва : Либерия-Библинформ, 2004. - 423 с.

4 Земсков, А. И. Будущее электронных библиотек [Текст] / А. И. Земсков // Научные и технические библиотеки. - 2009. - № 4. - С. 26-35.

5 Земсков, Андрей Ильич. Электронные библиотеки [Текст] : учебник для вузов / А. И. Земсков, Я. Л. Шрайберг. - Москва : Либерия, 2003. - 351 с.

№ 14 сабағының тақырыбы: «М.Әуезов атындағы ОҚМУ электронды ресурстарымен жұмыс»

Сабақтың мақсаты – М.Әуезов атындағы ОҚМУ АБО электрондық ресурстар, электронды каталог, электронды кітапханасымен жұмыс істеуін үйрету.

Сабақтың міндеті – Электронды ресурстарымен жұмыс істеу.

Сабақтың түрі - аналитикалық

Бақылау түрі – АІЖ жұмыс істеуін бақылау

Қарастырылатын мәселелер:

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Ақпараттық білім беру орталығы (АБО), Электрондық ресурстар, Электронды каталог, Электронды кітапхана. Университет, кітапхананың сайттары. Электронды ресурстарының АІЖ.

Теориялық материал №13 тәжірибелік сабағында берілген.

Тапсырмалар:

1. Кітапхананың электрондық ресурстарын қолданып университет құрамындағы факультеттер, кафедралардан таңдағандарына ақпараттық ізденіс келесі сұраныс бойынша: 2012-2013 оқу жылында қанша оқулықтар, әдістемелер, мақалалар шығарылынды. Оларды білім салалары бойынша жіктеңіздер.

2. Гуманитарлы және гуманитарлы емес профиліндегі электрондық ресурстарын тауып, жіктеп және тізім ретінде безендіріңіздер.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1 М.Әуезов атындағы ОҚМУ

2 Ақпараттық білім беру орталығы (АБО) тарихы.

3 Ақпараттық білім беру орталығының электрондық ресурстары.

4 Электронды каталогінің жұмыс істеуі.

5 Электронды кітапхана жұмыс істеуі.

6 Университет, кітапхананың сайттары.

7. Электронды ресурстарының ақпараттық ізденіс жүйері.

Ұсынылатын әдебиеттер

1 Горный Е. Развитие электронных библиотек: мировой и российский опыт, проблемы, перспективы //Zhurnal.ru:вестник сетевой культуры. Москва, 2002.

2 Губанова С.А. Электронные библиотеки и полнотекстовые базы данных [Электронный ресурс] // Тверская областная библиотека им. А.М. Горького: [сайт]. - Тверь, 2003.

3 Антопольский А.Б. Информационные ресурсы России [Текст] : научно-методическое пособие / А. Б. Антопольский. - Москва : Либерей-Бибинформ, 2004. - 423 с.

4 Земсков, А. И. Будущее электронных библиотек [Текст] / А. И. Земсков // Научные и технические библиотеки. - 2009. - № 4. - С. 26-35.

5 Земсков, Андрей Ильич. Электронные библиотеки [Текст] : учебник для вузов / А. И. Земсков, Я. Л. Шрайберг. - Москва : Либерей, 2003. - 351 с.

№ 15 сабағының тақырыбы: «ӘК әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелер»

Сабақтың мақсаты — электронды кітапхананың әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселерін зерттеу.

Сабақтың міндеті — электронды кітапхананың әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселерін шешу жолдарын айқындау.

Сабақтың түрі - аналитикалық

Бақылау түрі — сұрақ-жауап сұқбаттық.

Қарастырылатын мәселелер:

Электронды кітапханаларының әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелері.

Теориялық материал:

Әлеуметтік институт ретінде кітапхана негізгі функциялары бар:

- қоғам мүшелері өздерінің қызықшулықтары мен қажеттіліктерін қамтуына мүмкіндіктер туғызу;
- қоғам мүшелерінің әлеуметтік қарым-қатынастар шеңберінде амалдарын реттеу;
- қоғамдық өмірінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- зағиптардың талаптануы, әрекеттесу және ықыластар интеграциялауына көмектесу;
- әлеуметтік бақылауын іске асыру.

Әлеуметтік институтының қызметі - құқықтық және әлеуметтік нормалар жиынтықтарымен айқындалынады, ол әлеуметі-саяси, идеологиялық, қоғамның құндық құрылымын; нормативті ұсыныстарын және әлеуметтік бақылауын жүргізу үшін материалдық құралдар мен шарттары бар. Кітапхана — ол қоғамның бір элементі, ол жоғарыда айтылғандарының барлығына интегралданылады. Қоғам және кітапхана бір-бірімен әрекеттесуінде адамгершілік және құқықтық негіздері заңдалған.

Электронды кітапханалары қолдану барысында әртүрлі мәселелер туындайды:

а) техникалық:

- ақпараттық қорды қалыптастыру технологияларын құру;
- ақпаратты сипаттау және идентификациялау мәселелері;
- ақпараттарды сақтау және тарату мәселелері.

ә) ұйымдастыру:

- электронды кітапхананы құру және пайдалануында әртүрлі білікті мамандар құрамында болуы;
- білікті мамандарының жеткіліксіздігінде және оларды жаңадан дайындау орындарының жоқтығында;
- қорды қалыптастыру және пайдалану үрдістерінің еңбектерін қылушылығы.

б) заңнамалық:

- электронды кітапхананың санаты;
- электронды кітапханада ақпараттың санаты жоғарлату;
- электронды кітапханада бар ақпараттарды коммерциялық қолдану нәселелері;
- ақпаратты алу институтының ақпараттарын алуының азаматтардың конституциялық заңнамалар және ақпараттардың (жеке маұлұматтар, құпия ақпараттар) кейбір түрлерінің таратуын шектеу мәселелері.

в) әлеуметтік:

- ғылыми қоғамдастығының электронды кітапханаларын құруына дайын еместігі;
- оқытушылар мен студенттердің электронды кітапханаларын қолдануында тәжірибенің аздығы.

Осы мәселерді шешу үшін маңызды қаржы және интеллектуалды инвестициялар қажет. Электронды кітапханаларды құру үшін арнайы білікті маман, нақты концепция және жұмыстарды үйлестіру қажет.

Тапсырмалар:

1. ЭК әлеуметтік мәселерін зерттеу.
2. ЭК экономикалық мәселерін зерттеу.
3. ЭК саяси мәселерін зерттеу.

Баға қою критериялары:

Минималдық балл- 1. Максималдық балл- 2.

Бағаларды қою және хабарлау. Сабақтан қалып қойған және үлгерімі нашар студенттерге жеке ақыл-кеңес беру.

Бақылау сұрақтары

1. Жеке тұлғалық ерекшеліктерін қалай анықтауға болады?
2. Кітапхананың басқару жүйелерінің күрделілігі неде?
3. Келесі ұғымдарға: «сапа», «менеджмент», «басқару», «сапа жүйесі» түсініктемелер беріңіздер.

Ұсынылатын әдебиеттер

- 1 Электронные ресурсы и электронные библиотеки / под ред. Я.Л. Шрайберг и др.

2 Земсков А.И., Шрайберг Я.Л. Электронная информация и электронные ресурсы: публикации и документы, фонды и библиотеки / А.И. Земсков, Я.И. Шрайберг; под ред. Л.А. Казаченковой. – М.: «Издательство ФАИР», 2007. – С. 184.

3 Хомерики О.Г. Роль электронных библиотек в процессе распространения результатов инновационной деятельности в образовании // Высшее образование сегодня. 2010. №10. С. 80-87.

4 Земсков А.И. Электронные библиотеки / А.И. Земсков, Я.Л. Шрайберг. – М.: Либрея, 2003. – С. 291.

5 Хомерики О.Г. Роль электронных библиотек в процессе распространения результатов инновационной деятельности в образовании. // Высшее образование сегодня. 2010. №10. С. 80-87.

№ 15 сабағының тақырыбы: «Электронды кітапханалардағы зияткерлік меншікке авторлық құқық және құқығы»

Сабақтың мақсаты – ЭК авторлық құқықтар және жалпы құқытар мәселерін зерттеу.

Сабақтың міндеті – зияткерлік меншікке авторлық құқық мүмкіндіктер түсініктерін қалыптастыру.

Сабақтың түрі - аналитикалық

Бақылау түрі – сұрақ-жауап сұқбаттасу.

Қарастырылатын мәселелер: Авторлық құқықтар сұрақтарының ұғымдық аппараты, ЭК зияткерлік меншікке авторлық құқық.

Теориялық материал:

Адамзаттың даму тарихындағы барлық кезеңдерде жазушылар, ақындар, суретшілер, ғалымдар еңбектерінің жемісі адамзат пен қоғамның рухани байлығының негізі болатын. Нарықтық экономика жағдайында әдебиет, көркем өнер және ғылым туындылары сияқты шығармашылық қызмет нәтижелері, адам мен қоғамның рухани өмірінің негізін құрап, оның даму деңгейінің көрсеткіші ретінде қалыптасып қана қоймай, нарықтық қатынастарда тауардың ерекше түрі нысанындағы тауар айналымының объектісі ретінде қалыптасты. Заманның объективті үрдістері, ең алдымен ғылыми-техникалық прогресстің қарқынды дамуы, рухани игіліктер жаратушыларына ғана емес, сонымен қатар тұтынушыларға жаңа көкжиектерді ашуда. Осыған орай, атақты американ композиторы, актеры, продюсеры Б. Шерманның айтқан сөздері орынды: «Белгілі бір мемлекетте шығармашылық тұлға қандай құрметке ие болатынын білудің ең оңай тәсілі- осы мемлекеттің авторлық құқық туралы заңнамасымен танысу».

Бүгінде қазақстандық кітапханалар цифрлық форматтағы материалдарды көптеп қолдана бастағанда, Қазақстандық электрондық кітапхана (ҚазҰЭК) құрылғанда және Қазақстан кітапханаларын біртұтас компьютерлік жүйеге қосудағы мақсатты жұмыс жүргізіліп жатқанда, авторлық құқық мәселелері өзекті проблемаға айналды, өйткені, бір жағынан электрондық кітапхананы құрушылар, шығарма авторларының құқығын сақтауға міндетті болса, екінші

жағынан, тұтынушылардың білім, ғылым және мәдени қызмет барысында олардың шығармаларын кеңінен пайдалануды қамтамасыз етулері тиіс.

Мәселен, кітапхана меншіктік және қашықтағы толық мәтінді мәліметтер базасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осындайда оқырманның қандай құқығы бар? Кітапхана өз қорындағы мерзімді басылымдар мен кітаптардан меншікті толықмәтінді мәліметтер базасын құруды жоспарлауда. Осындайда кітапхананың құқығы қаншалықты қорғалған? Оқырманның кітап ақпараттарын көшірмеден өткізудегі құқығы қандай? Кітапханаға басқа мемлекеттерден кітаптарды көптеп силауда. Ал оны жеткізу мүмкін болмай отыр. Өйткені, кедендік баж салығы өте жоғары. Кедендік баж салығын өзгерту мүмкін бе? Не себепті «Кітапхана ісі туралы», «Міндетті түрдегі дана туралы» Заңдар кейінге шегірілуде?

«Кітапхана ісі мен авторлық құқық бір-бірімен байланысты және бір-бір-біріне тәуелді ұғым болғандықтан, 2006 жылғы 15 желтоқсандағы ҚР «Мәдениет туралы» Заңы мен авторлық және аралас құқық туралы Заң бір-бірін толықтырудың орнына, қайта құқық қайшылығын тудыруда. Сонымен бірге, «Мәдениет туралы» Заңға сәйкес ұлттық мәдени құндылық объектілеріндегі ерекше жағдай авторлық және аралас құқық объектілеріне тарамайды. Осы арада ұлттық мәдени құндылық объектілерін таңдаудағы критерийдің жоқтығы байқалады.

Қазіргі кезде Қазақстан Зияткерлік меншік жөніндегі Дүниежүзілік ұйымның шегінде іске асатын бірқатар халықаралық шарттар, келісімдер мен конвенциялардың толық құқылы мүшесі болып табылады, соған қарамастан республикада авторлық құқықты қорғау халықаралық деңгейге жеткілікті түрде сәйкестендірілмеген. Осылайша, Еуропалық Одақтың сауда директоры Қазақстанда жұмыс істейтін өз өкілдері, жеке компаниялар мен авторлық құқықты қорғау жөніндегі қоғамдар арасында сауалнама жүргізу арқылы, Қазақстанда зияткерлік меншік құқығын бұзу жеткілікті түрде таралған тәжірибе деген шешімге келді. Еуропалық Одақ мүшелері мен Америка Құрама Штаттары жағынан республика экономикасына ұдайы құйылатын инвестицияларды ескере отырып, зияткерлік меншікті қорғау аясындағы Қазақстанның ұлттық заңнамасын жетілдіру мен халықаралық құқық нормаларына сәйкестендіру – міндеттердің ең маңыздысы болып табылады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, қандай да болсын мемлекеттің міндеті – бұл авторлардың құқықтарын бұзумен күресу аясында тиімді құқық қолданушы жүйені құрастырып, енгізу. Зияткерлік меншік құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды кезеңі – зияткерлік меншік құқықтарымен байланысты қылмыс пен құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қамтитын Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі кодекстің қабылдануы. Ұлттық заңнаманы Дүниежүзілік Сауда Ұйымының үлгікалыптарымен толық сәйкестендіру мақсатында 2005 жылы «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына туындыларды ретроактивті қорғау бөлігіне түзетулер енгізілді, дәлірек айтсақ, дамушы мемлекеттерде сияқты авторлықты қорғаудың мерзімі 50 жылдан 70 жылға дейін ұзартылды. Сонымен қатар, республикада авторлар үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін «2005-2015 жылдар аралығына арналған

Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру мен дамыту жөніндегі Бағдарлама» қабылданды.

Қазақстанның «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» қолданыстағы Заңы 10 маусым 1996 жылы қабылданды, оған дейін 1991 жылғы Жоғарғы Кеңеспен қабылданған азаматтық заңнама Негіздері қолданылатын. Авторлық құқық туралы заңына түзетулер 1998 жылы 9 шілдеде енгізілді, өзгерістерді енгізу – Қазақстанның 16 сәуір 2004 жылы ратификацияланған Зияткерлік меншік жөніндегі Дүниежүзілік ұйымының «Интернет келісімдеріне» қосылуымен түсіндіріледі.

Алдымен, Зияткерлік меншік жөніндегі Дүниежүзілік ұйымының авторлық құқық туралы келісімімен байланысты түзетулерді енгізуге дейінгі Қазақстанның авторлық құқық аясындағы жағдайын қарастырайық. Осыдан кейін осы түзетулердің қаншалықты дұрыс іске асырылғанын талдаймыз. Авторлық құқық туралы Заңның негізін қалаушы ережелер келесі аспектілерді қамтиды:

Цифрлік аспектілерге келсек, Қазақстанда ол үлкен тәжірибелік сұранысқа ие болған жоқ. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, отандық құқық иемденушілері әлі де Интернет арқылы туындыларды құрастыру, тасымалдау айналымына жеткілікті түрде қатыстырылмайды, сондықтан да Интернетті пайдаланушылар жағынан зиян-зардапты сезбейді. Екіншіден, Қазақстанда Интернетті пайдаланушылар саны салыстырмалы түрде әлі де аз. Шамамен мынадай сандар: 1996 жылы -10 мың, 2000 жылы – 70 мың, 2002 жылы — 250 мың, 2005 жылы -1 200 000, 2009 жылы-2 300 000 [1]. Алғашында, өсу қарқындығы жылдам көрінгендігімен, 2 300 мың адам Қазақстан халқының тек қана 14,9 % құратындығын аңғару керек. Үшіншіден, Қазақстанда құқықтарды ұжымдық басқару ертеден бері ауқымды қолданысқа ие болмады, сондықтан да қоғамға авторлардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз ететін берік құрал жетіспейді.

Соған қарамастан, өзгерістерді енгізуге дейін Интернет пен цифрлік ортаға байланысты теоретикалық даулы сұрақтар көтерілген болатын. Олар келесі мәселерге қатысты: 1) «әлемдік желіде» туындыны уақытша сақтау және іздеу (браузинг) автордың келісімімен іске асырылуы тиіс пе; 2) туындыларды еркін пайдалану жағдайларына Интернеттің әсері; 3) Интернеттегі «қарақшылықпен» күресудің жаңа шараларының қажеттілігі.

1) Бірінші сұраққа келсек, Авторлық құқық туралы заңда, қандай да болсын электронды нысандағы (цифрлік нысанды қоса) уақытша сақтау қайта шығару деп есептеледі. Осылайша, Интернет режимінде туындыны уақытша сақтау мен іздеу (еркін пайдалану жағдайларынан басқа) автор келісімімен жүргізілуі тиіс.

2) «Әлемдік желіде» кітапханалар, мұрағаттар мен білім беру мекемелеріне қатысты еркін пайдалану жағдайлары әрдайым уайым туғызатын. Репрографиялық жарыққа шығару жағдайлары ғана айрықшаланады. Нәтижесінде, шынында да кітапханалар, мұрағаттар мен білім беру мекемелерінің цифрлік жарыққа шығаруымен байланысты шараларды қолдану қажеттілігі.

Авторлық құқық туралы заң өтемелік сипаттағы ғана қорғау әдістерінің тізімін қамтитын: құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттерді тыю; айырылып қалған пайданы қоса алғанда, шығындардың орнын толтыру; құқық бұзушы авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу салдарынан тапқан табысты өндіріп алу. Авторлық құқық туралы заңмен превентивті шаралар көзделмелген болатын, ал заң актілермен қарастырылмаған әдістерді құқық иемденушілер қолдануға құқылы емес. Осылайша, «цифрлік» контрафакцияға қарсы қолданыстағы қорғау шаралары жеткілікті болмайтын, сондықтан да Интернет құқық бұзушыларымен күресу үшін жаңа шаралар қажет болатын.

- Құқықтарды басқару жөніндегі ақпарат. Құқықтарды басқару жөніндегі ақпарат – Авторлық құқық туралы заңының тағы да бір жаңа ережесі.

Ол «туындыны, туынды авторын, орындаушыны, орындаушының орындаушылығын, фонограмма жасаушыны, фонограмманы, туындыға, орындаушылыққа немесе фонограммаға немесе туындыны, орындаушылықты немесе фонограмманы пайдалану шарттары туралы ақпаратқа қайсыбір құқық иеленушіні бірдейлендіретін ақпарат. Ақпараттың кез келген элементі туындының, жазып алынған орындаушылықтың немесе фонограмманың данасына қоса берілетін, не жалпы жұрттың назарына туындыны хабарлауға немесе жазып алынған орындаушылықты немесе фонограмманы хабарлауға және (немесе) жеткізуге байланысты пайда болатын кезде осындай ақпарат берілген кез келген цифрлар немесе кодтар да құқықтарды басқару жөніндегі ақпарат» деп ұғынылады. Құқықтарды басқару жөніндегі электронды ақпаратты жою мен өзгерту үшін ғана жауапкершілікті қамтитын Зияткерлік меншік жөніндегі Дүниежүзілік Ұйымымен құрастырылған Авторлық құқық туралы келісімінің 12 бабымен салыстырғанда, Авторлық құқық туралы заңда жауапкершілік қандай да болсын құқықтарды басқару жөніндегі ақпаратты белгілеумен ерекшеленеді [4, 20-36 беттер].

Зияткерлік қызмет нәтижелерін, әсіресе авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін қолданумен байланысты қатынастар, әрі қарай одан да терең, шұғыл дамитыны — күмәнсіз ақиқат. Нәтижесінде, ұдайы қорғаудың жетіспеушілігіне не жол бермейтін тым, асыра қорғаушылыққа әкелетін, қазіргі кезге дейін «аласапыран» дамыған зияткерлік меншікке – жаңа бағыттың белгіленуі аса қажет. Екі жағдай да пайдаланушылар мен құқық иемденушілер арасындағы арақатынас бұзылатын. Сол себепті де, бір жағынан – пайдаланушыларға зияткерлік құндылықтарды тиімді пайлануға мүмкіндік беру арқылы, екінші жағынан – зияткерлік жетістіктер авторларына тиісті қорғау деңгейін қамтамасыз ету негізінде едәуір «майысқақтық» таныту қажет.

Қарастырылатын салада цифрлік және компьютер-желілік технологиялары тудыратын жаңа, қарама-қайшы құбылыстарды ескеру- маңызды. Өзара түсіністік қағидасынан ұлттық және қолайлы режим қағидаларына өту, құқықтық нормаларының унификациялануы мен заңнамалардың гармонизациялануы, жаңа жаһандандырылған халықаралық шарттардың пайда болуы, цифрлік желілердің дамуы – бұның барлығы авторлық құқықтың бірте-бірте жаңа «трансшекаралық» қасиетке ие болуына әкеп соқтырады. Жаңа

құбылыстар халықаралық деңгейде келісілген әмбебап құқықтық жауаптардың табылуын қажет етеді.

Тапсырма: ЭК зияткерлік меншікке авторлық құқықтар мәселелерін сұқбаттық түрінде зерттеу.

Бақылау сұрақтары

1. Жеке тұлғалық ерекшеліктерін қалай анықтауға болады?
2. Кітапхананың басқару жүйелерінің күрделілігі неде?
3. Келесі ұғымдарға: «сапа», «менеджмент», «басқару», «сапа жүйесі» түсініктемелер беріңіздер.

Ұсынылатын әдебиеттер

- 1 Директива Европейского Парламента и Совета 2001/29/ЕС от 22 мая 2001 г. о гармонизации некоторых аспектов авторского права и смежных прав в информационном обществе (ОJ L 167/10 от 22 июня 2001 г.).
- 2 Закон Республики Казахстан от 10 июня 1996 года № 6-І. Об авторском праве и смежных правах.
- 3 Сауле Масалина. ДАП и Закон об авторском праве Казахстана // Бюллетень ЮНЕСКО по авторскому праву (№1, 2006)
- 4 Кереве А. Новые договоры ВОИС: Договор по авторскому праву и Договор ВОИС по исполнениям и фонограммам // Бюллетень по авторскому праву. – 1999. – Т. XXXII. – № 3.

Джаппарова Меруерт Турсинбаевна

5B091000 – Кітапхана ісі мамандығының студенттеріне
«Электронды кітапханалар және ресурстар» пәні бойынша
тәжірибелік сабақтарын орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Басуға қол қойылды

Қағаз пішімі 60x84 1/16

Офсеттік басылым. Көлемі 4,88 б.т.

Таралымы ... дана. Тапсырыс № ...

© М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің
баспасы

М.Ауезов атындағы ОҚМУ баспа орталығы, Шымкент қ., Тауке хан даңғ.,5

Мазмұны

Алғы сөз	3
Білім бағдарламаларының құрылымында пәннің орны	4
Студенттерге жалпы әдістемелік нұсқау	5
Пән мазмұны	6
Тәжірибелік сабақ № 1. Электронды кітапханалар және қоғам	7
Тәжірибелік сабақ № 2. Электрондық ақпараттық ресурстар: типология және қазіргі құрам	11
Тәжірибелік сабақ № 3. Электрондық ақпараттық ресурстарды жіктеу	19
Тәжірибелік сабақ № 4. Электронды құжаттарды каталогтеу технологиясы	22
Тәжірибелік сабақ № 5. Ақпараттық қызмет көрсету және ақпараттық ізденіс	26
Тәжірибелік сабақ № 6. Ақпаратты ретроспективті ізденіс	35
Тәжірибелік сабақ № 7. Электронды кітапханалардың ақпараттық қолжетілімі мен қолдану: қолданушылар және электронды кітапханалардың қызметі	41
Тәжірибелік сабақ № 8. Электрондық ресурстарын сақтау	43
Тәжірибелік сабақ № 9. Ең ірі ашық электронды кітапханаларын талдау және бағалау	46
Тәжірибелік сабақ № 10. Интернетте әр түрлі ЭК танысу	50
Тәжірибелік сабақ № 11. Шетел кітапханаларындағы электронды кітапханалар	54
Тәжірибелік сабақ № 12. Қазақстан Республикасы кітапханаларындағы электронды кітапханалар	57
Тәжірибелік сабақ № 13. М.Әуезов атындағы ОҚМУ АБО электрондық ресурстарымен танысу	61
Тәжірибелік сабақ № 14. М.Әуезов атындағы ОҚМУ электронды ресурстарымен жұмыс	66
Тәжірибелік сабақ № 15. ЭК әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелер	67